

ОРАЗГҮЛ МҰХАТОВА

**ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХНАМАСЫ ПӘНІНІҢ
ДӘРІС, СЕМИНАР
САБАҚТАРЫ ЖӘНЕ ӨЗДІК
ЖҰМЫСТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАРЫ**

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

АЛМАТЫ - 2010

ББК 63.3 (Каз)
М80

**әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған
(2009 жыл № 2 хаттама)**

Пікір жазғандар:

Т.Ә. Төлебаев - тарих ғылымдарының докторы, профессор
Х.А. Сутеева тарих ғылымдарының докторы

Мұхатова О. Қазақстан тарихнамасы пәнінің дәріс, семинар сабақтарын және өздік жұмыстарын өткізудің әдістемелік ұсынымдары. Оқу-әдістемелік құралы. - Алматы, 2010. - 62 бет.

ISBN 9965-29-569-7

Кітапшада Қазақстан тарихнамасы пәнінің силлабусы, дәрістердің сұрақтары, семинар сабақтарының, студенттердің өздік жұмыстарының тапсырмаларын орындаудың әдістемелік ұсынымдары берілген. Автор аралық бақылаудың, емтиханның сұрақтарын, реферат тақырыптарын да көрсеткен. Қосымшада тарихнамалық кестелердің үлгілері, тест сауалдары берілген.

Оқу-әдістемелік құрал студенттерге, тарихнама пәнінен дәріс беретін оқытушыларға арналған.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

ПӘННІҢ СИЛЛАБУСЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

ДӘРІС САБАҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУГЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК

ҰСНЫМДАРЫ

РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОСЫМША

КІРІСПЕ

Тарихнама ежелгі грек тілінен аударғанда “история” - тарих және “графия” - тарихты сипаттап жазу дегенді білдіреді. Тарихнаманы ең алдымен адамзат қоғамын танудың аса маңызды түрлерінің бірі болып табылатын тарих ғылымының тарихы деп түсінген жөн. Сондай-ақ тарихнама деп белгілі бір тақырыпқа немесе тарихи дәуірге арналған зерттеулердің жиынтығын атайды.¹

Тарихнама тарихи білімнің мазмұны мен түрін ашады, тарих ғылымындағы қозғалысты анықтауға мүмкіндік береді, негізгі кезеңдерді анықтайды. Тарихи танымның әртүрлі әдістерінің жетілу процесін, баламалы тарихи ағымдардың мәні мен мазмұнын бақылайды. Тарихнама тарих ғылымының пәнінен өзгеше өзінің ерекше мәніне ие бола отырып, сонымен бірге тарих ғылымымен бірдей әдістемелік әдістік қағидаларға жүгінеді. Тарихнама тарих ғылымының пайда болу, қалыптасу, өзгеру және даму процестерін қарастырады. Өткен мен болашақты тарихи зерделеу жүйесінде Қазақстан тарихнамасы жеке пән ретінде ерекше орын алады және маман-тарихшылардың кәсіптік-ғылыми дайындықтарын қалыптастыратын іргелі пәндер қатарына жатады. Кеңестік тарихи мектептің дағдарысына байланысты Қазақстан тарихы ғылымының қазіргі даму кезеңі бүгінгі күн талаптары тұрғысынан тарихшылардың түбегейлі тұжырымдарын бүгінгі күн талаптары тұрғысынан қайта зерделеп, олардың еңбектеріне принциптік және объективтік баға береді.

Тарихнаманың міндеті - тарихи таным мен ойдың әртүрлі сатыларының заңдылықтарын ашу, ғылымда әлеуметтік тарихи ақиқаттың терең әрі жан-жақты көрініс табу үрдістерінің негізгі мазмұнын және әдістерін зерттеу.

Тарихнама - тарих ғылымының тарихын зерттейтін ғылым саласы. Тарихнама тарихтың тарихын зерттейтін ғылым саласы ретінде өзінің алдына нақты мақсат-міндеттерді қояды.

Тарихнама ғылымының мақсаты - белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану.

Ғылымның міндеттері:

- тарихнамалық деректерді жинақтау, жүйелеу ;
- тарихнамалық фактілерді жинап, оларға талдау жасау;
- тарихнамалық фактілердің тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеуінің деңгейін сараптау, ұтымды тұстары мен олқылықтарын айқындау;
- тарихнамалық талдау арқылы ғылыми еңбектерге баға беру;
- тарихнамалық деректердің саяси-әлеуметтік жүйелер мен идеологияларға тәуелділігін анықтау;

¹ Советская историческая энциклопедия. Т.6. -М., 1965. -455 б.

-белгілі бір мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындап, келешек ізденушілерге тың тақырыптар ұсыну.

Тарихнама ғылымының өзіндік методологиялық негіздері мен ұстанымдары бар. Солардың негізгілері болып ғылыми принциптер мен әдістер саналады.

Тарихнамада объективті әрі терең зерттеулер жүргізуде, сондай-ақ талдаулар жасауда ғылыми әдістер қолданылады. **Әдістер - бұл тарихнамашының танымдық қызметіндегі тарихи білімнің шынайылығына жетудегі саналы тәсілдер мен жолдар.** Әдіс - тарихи заңдылықтарды оның нақты көріністері тарихи фактілер, фактілерден жаңа білімді шығару жолдарын зерттеудің тәсілі.²

Тарихнамада қазіргі кезеңдегі әдістер жүйесі қолданылады. Тарих ғылымының тарихындағы әдістер гуманитарлық пәндердегі ғылыми зерттеу тәсілдеріне ұқсайды. Осыған орай оларды мынадай етіп жіктеуге болады: тарихнаманың ерекшеліктері мен міндеттері ескерілген барлық гуманитарлық немесе қоғамдық ғылымдарға ортақ әдістер; тарихнамалық танымның өзіне тән әдістер; басқа да, соның ішінде аралас ғылымдардан алынған, яғни пәнаралық әдістер. Басты тарихнамалық әдістер ретінде талдау, компоративті талдау, нақты талдау, логикалық талдау, жүйелеу, синтездеу, салыстырмалы тарихи, мерзімдемелік, мерзімдемелік проблемалық, проблемалық, проблемалық мерзімдемелік, ретроспективті, өзектілік, перспективтілік саналады.

Тарихнама ғылымында әдістерден өзге принциптер ерекше рөл атқарады. **Принциптер дегеніміз ғылымның негізгі, жетекші ұғымдары. Олар тарихтың объективті заңдарын оқып-үйренуден туындайды, соның нәтижесі ретінде саналады және осы мағынада заңдылықтар іспеттес болады.** Әйтсе де олардың арасында айырмашылық бар: заңдылықтар объективті түрде зерттеушіден тыс әрекет етеді, ал принциптер логикалық категория, олар табиғатта емес, адамдардың санасында өмір сүреді. Тарихнамалық зерттеулер методологиясында басты орынды тарихилық, объективтілік, әлеуметтік принциптер алады. Тарихилық және объективтілік, әлеуметтік принциптерінің тарихнамалық зерттеулер жүргізудегі маңызы зор.

Тарихнама ғылымынан басқа тарихнама пәні ХІХ ғасырдың соңынан Еуропа елдерінің университеттерінде оқытылды. Қазіргі уақытта бұл пән негізінен тарих мамандығы бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік стандартына және типтік бағдарламаларына сәйкес классикалық типтегі университеттер мен академиялардың оқу жұмыс жоспарларынан орын алған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешіміне сәйкес барлық дерлік оқу жоғары оқу орындарында 5В020300 – «Тарих», 050114 – Тарих (педагог)» мамандықтары бойынша мамандар даярлауда Қазақстан тарихының тарихнамасы, Шет елдер тарихының тарихнамасы немесе жай

² Коршунов А.М. Петров Ю.В. Методологические проблемы исторического познания. - М.: Высшая школа, 1981. -19 б.

ғана тарихнама пәндері оқытылады. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралы Қазақстан тарихының тарихнамасы пәнін оқытуға арналған. Аталмыш құрал осы пәннің типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Пәннің мақсаты мен міндеттері силлабуста көрсетілген. Оқытудың кредитті технология жүйесіне көшуде және заманауи талаптарына сай білім беруде осындай әдістемелік құралдар аса қажет. Дәрістерді оқуда, семинар сабақтарын және студенттердің өздік жұмыстарын жүргізуде әдістемелік ұсынымдардың маңызы арта түсері сөзсіз. Сондықтан да Қазақстан тарихының тарихнамасы пәнін оқытатын оқытушылар және осы курсты оқып-үйренетін студенттерге көмегі тиер деген ниетпен аталмыш оқу-әдістемелік құралы ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралында дәрістердің, семинар сабақтарының тақырыптары, мақсаты, қарастырылатын негізгі сұрақтары, өткізудің әдіс-тәсілдері, оқытушы мен студенттерге ақыл-кеңестер берілген. Студенттердің өздік жұмыстарының тапсырмалары, дайындалу мен тапсыруға арналған ұсынымдар, қажетті әдебиеттер тізімі, сондай-ақ реферат тақырыптары, емтихан сұрақтары, тест сауалдары, тарихнамалық кестелердің үлгілері қоса көрсетілген.

әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
тарих факультеті
деректану және тарихнама кафедрасы

СИЛЛАБУС

5B020300 – «Тарих» мамандығы. 4 курс, күндізгі қазақ бөлімі, күзгі семестр,
3 кредит: дәріс - 2, семинар сабағы - 1, сөз - 1,3 кредит

Дәріскердің аты, жөні: Мұхатова Оразгүл Хасенқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Айналысатын ғылыми проблемалары: Қазақстан тарихының тарихнамасы, деректану мәселелері.

Байланыс телефоны: деректану және тарихнама кафедрасы. Тел.: 3773338 12-89;

e-mail: Orazgul7 @ rambler.ru
каб. 415.

Пәнді оқытудағы алдын ала оқылатын, іліктес пәндер: «Археология», «Этнология», «Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы», «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы», «Қазақстан Республикасының тарихы», «Деректану» т.б. пәндердің теориялық, тәжірибелік қатынаста болуы оқытудың жан-жақтылығын қамтамасыз етеді.

Постреквизиттері: «Тарихнама және деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері», «Тарихнамалық зерттеу үлгілері», «Тарихи мектептер: тарихи ойдың қалыптасуы және дамуы», т.б.

Қазақстан тарихнамасы пәнін оқытудың мақсаты:

түрлі дәуірлердегі, кезеңдердегі тарихи білім мен ойдың қалыптасуын және дамуын оқып-үйрену, оның эволюциясындағы критерийлерін айқындау, әртүрлі мәселелердің зерттелу деңгейін, соларға сәйкес тарихнамалық тұжырымдамаларды ашып көрсету, студенттерді тарих ғылымы мен Қазақстан тарихнамасы проблемалық білімін, мәселелері мен жетістіктерін қоғамда, білім салаларында, ғылыми зерттеулерде пайдалана білуді үйрету.

Міндеттері:

отандық тарихнаманың кезеңдерін анықтау; ежелгі және ортағасырлық тарихтағы тарихи білімнің даму деңгейін көрсету; Қазақстан тарихын зерттеуде XVIII ғасырдағы орыстық тарихи ой мектебінің негізгі бағыттарының мазмұнын ашу; XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы қазақ саяси элитасының шығармашылық мұрасын оқып-үйрену; кеңестік тоталитарлық жүйе кезеңіндегі тарих ғылымының даму ерекшеліктерін анықтау; тәуелсіздік жылдарындағы отандық тарихты зерттеудің бағыттарын

айқындау, зерттелмеген мәселерге назар аудару.

Бакалаврдың негізгі құзырлық түрлері:

«Қазақстан тарихнамасы» курсын меңгеруде студенттер тарихнама ғылымының тарих ғылымдары арасында алатын орнын, тарихнама ғылымының теориялық-методологиялық негіздерін, пәнаралық байланыстарын, тарихнамалық заңдылықтарды **білуі тиіс**.

Бакалавр :

ежелгі дәуірден ХХІ ғасырдың бас кезіне дейінгі тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуын, тарихи мектептердің ғылыми зертханасын, жекелеген тарихшы-ғалымдардың тарих жазудағы және зерттеудегі ұстанымдарын, Қазақстан тарихы ғылымының қазіргі кезеңдегі даму деңгейін **білуге тиіс**.

Курсты оқып-үйренуде студенттер тарихнамалық деректер және фактілермен жұмыс істеу, белгілі бір мәселенің зерттелу деңгейін айқындау, зерттеу жұмыстарында тарихнамалық талдау әдістерін тиімді пайдалануды, тарихнамалық баға беру, өздері зерделенуге тиіс мәселелерге қатысты сыни көзқарас қалыптастыруды, зерттеп отырған мәселе бойынша өзінің жеке бағдарын айқындауды меңгеруге **тиіс**.

Курстың құрылымы

Апт алар	Тақырыптардың атаулары	сағаттары	СӨЖ тақырыптары
	Модуль 1.Тарихнаманың теориялық-методологиялық негіздері.		
1.	Тақырып 1. Кіріспе. Қазақстан тарихнамасы тарих ғылымы және Қазақстан тарихнамасы пәні. СС. Қазақстан тарихнамасы пәнінің тарих ғылымындағы орны.	2 1	Тас және қола дәуірлеріндегі Қазақстан тарихын зерттеуі.
2	Модуль II. Тайпа бірлестіктері және мемлекеттік құрылымдар туралы тарихнамалық білім. Д.Тақырып 2. Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнама. СС. Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнама.	2 1	Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары тарихының зерттелуі.
3	Д. Қазақстан тарихының түркі дәуіріндегі тарихнамасы.	2	Түркі қағанаттары туралы зерттеулер

	СС. Қазақстан тарихының түркі дәуіріндегі тарихнамасы.	1	
4-5	МодульШ. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихының білімі. Д. ІХ-ХІІ ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша араб және парсы зерттеулері. СС. ІХ-ХІІ ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша араб және парсы зерттеулері.	4 2	ІХ-ХІІ ғасырлардағы Қазақстан тарихы ғылыми зерттеулерде.
6-7	Модуль ІУ. Қазақстан тарихының тарихнамалық дәстүрлері. (ХІІІ-ХУІІғғ). Д. Қазақстан тарихының ХІІІ-ХVІІ ғғ. тарихнамалық ерекшеліктері. СС. ХІІІ-ХVІІ ғғ. Қазақстан тарихын зерттеу. Аралық бақылау.	4 2	ХІІІ-ХV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдар тарихын зерттеу.
8-9	Д. Қазақстан тарихын зерттеудегі еуроцентризм, шовинизм, қазақ халқының тарихын зерттеудегі бұрмалаушылық. СС. Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасы.	4 2	Абылай хан және оның билігінің ғылыми әдебиеттерден көрініс табуы.
10-11	МодульУ. ХVІІІ-ХІХ ғғ. тарихнама. Д. Батыс Европа және орыс тарихшыларының концепциясы және қазақ басылымдарының қызметі. СС. Қазақстан тарихын зерттеудегі еуроцентризм, шовинизм, қазақ халқын тарихи зерттеудегі бағыттары. СС. ХІХ ғ. ІІ-ші жартысы мен ХХ ғ. басында дамуы Батыс Европа және орыс	4 1	ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының тарихи білімге қосқан үлестері

1969.

2. Зевелев А.И. Историографические исследования: методологические аспекты. -М., 1983.

3. Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. - А., 1990.

4. WWW.n/rk. kz

Білімді бақылау түрлері:

Бақылау жұмыстары:

1. Қазақстандағы қола дәуірі тарихының зерттелуі.

2. Түркі бітіктастары тарихнамасы.

3. Орыс-қазақ қатынастарын зерттеудегі жаңа көзқарастар.

4. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайының зерттелуі.

5. 1946-1999 жылдардағы республиканың әлеуметтік-демографиялық дамуы мәселелерін зерттеу.

СӨЖ тапсырмалары:

1.Тақырып: Тарихнама ғылымының теориялық және методологиялық негіздері.

Тапсырма: тарихнамалық әдістер, олардың мәні мен функцияларын ашып көрсету.

2.Тақырып: Қазақ халқының қалыптасуы туралы ғылыми теориялар.

Тапсырма: Қазақ халқының қалыптасуы тарихына қатысты әртүрлі теориялардың мазмұнын көрсетіп, оларға сыни баға беру.

3.Тақырып: Ұлт зиялыларының еңбектері және қазақ тарихының мәселелері.

Тапсырма: XX ғасыр басындағы ұлт зиялысы Ә. Бөкейхановтың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау.

4.Тақырып: Қазақстан тарихының тарихнамалық ерекшеліктері.

Тапсырма: реферат дайындау. 8-13 апта аралығында. Рефераттардың тақырыптары төменде көрсетілген. Студентке тақырыпты таңдау мүмкіндігі беріледі.

5.Тақырып: Ресей бодандығындағы қазақ тарихы мәселелерінің зерттелу деңгейі.

Тапсырма: Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясының Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы тарихы туралы айтылатын тарауын және М.Әбдіровтің, Т.Шонанұлының еңбектерін тарихнамалық талдау.

Quizzes (бақылау жұмыстары): семестрде екі жұмыс

Өздік тапсырмалар(СӨЖ): семестрде үш тапсырма

Мәрелік емтихан : емтихан сессиясының кезеңінде

Білімді бағалау критерийлері, %баллдар

Семинар сабақтары 30

Өздік жұмыстар (СӨЖ) 30

Баға қою шкаласы:

Әріп жүйесі бойынша баға	Баллдардың цифрлы эквиваленті	%-мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4.0	95-100	үздік
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	жақсы
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	қанағаттанарлық
C	2.0	65-69	
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмады» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
P (Pass)	-	0-60 65-100	«Есептелді» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
NP (No Pass)	-	0-29 0-64	«Есептелген жоқ» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себептерге байланысты алып тастау (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тындалды» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)

Семестр бойы студенттің жұмысын бағалауда мына төмендегілер ескіледі:

- Сабаққа қатысуы
- Семинар сабақтарынна белсенді және өнімді қатысуы
- Негізгі және қосымша әдебиеттерді оқып-үйренуі
- Үй тапсырмаларын орындауы
- СӨЖ-ді орындауы
- СӨЖ - ді орындауы

- Барлық тапсырмаларды уақытылы тапсыруы (**үш СӨЖ-ді уақытында тапсырмағаны үшін АҰ бағасы қойылады**)

Академиялық тәртіп саясаты және этика

Шыдамды болыңыз, өзге, бөтен пікірді сыйлаңыз. Келіспеушілігіңізді сыпайы жеткізе біліңіз. Плагиат және өзге де жалған жұмыстарға жол берілмейді. МӨЖ тапсыру, аралық бақылау және мәрелік емтихан кезінде сыбырлауға және дайын материалдан көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тиым салынады. Курстың кез келген ақпаратын бұрмалаған студент «F» деген баға алады.

Көмек: Өздік жұмыстарды орындау және тапсыру, реферат дайындауда ақылқ- кеңес, сондай-ақ өткен материалдар, өтілетін курс бойынша туындаған өзге де сауалдарға, ақпараттарға жауап алу үшін СӨЖ-ге дайындалу барысында оқытушыдан көмек сұраңыз.

Силлабус Кафедра мәжілісінде қаралып, бекітуге ұсынылды.

Дәріскер

О. Х. Мұхатова

Кафедра меңгерушісі

Қ. М. Атабаев

ДӘРІС САБАҚТАРЫ

Тақырып 1. Кіріспе. Қазақстан тарихнамасы тарих ғылымы және Қазақстан тарихнамасы пәні.

Дәріс мақсаты : тарихнама ғылымы мен пәнінің негіздерін ұғындыру

Негізгі ұғымдар: тарихнамалық деректер, тарихнамалық факт, тарихнамалық заңдылықтар, тарихнамалық дәстүр, тарихнамалық пән аралық, тарихнамалық зерттеу принциптері мен әдістері.

Негізгі мәселелер:

Қысқаша мазмұны

1. тарихнама ғылымы мен Қазақстан тарихы тарихнамасы пәнінің мақсаты мен міндеттері.

2. Қазақстан тарихнамасының негізгі кезеңдері.

Қысқаша мазмұны: 1. Қазақстан тарихнамасының объектісі мен пәні отандық тарих ғылымының тарихы. Қазақстан тарихнамасының тарих пәндері жүйесіндегі, тарихи зерттеулер құрылымында алатын орны мен маңызы.

2. Тарихнаманың ғылым ретіндегі өзіндік әдістері, тарихнамадағы пән аралық байланыс. Тарихнамалық зерттеудегі жалпы әдістемелік принциптер. Тарихнамалық факт. Тарихнамалық дерек. Қазақстан тарих ғылымының даму тарихы бойынша деректер. Түсінік аппараты.

3. Тарихи танымды кезеңдерге бөлу принциптері. Тарихи зерттеудегі әдістер. Қазақстан тарих ғылымы тарихындағы жеке тұлғалық фактор. Тарихи тұжырымдарды бағалау өлшемдері.

4. Қазақстан тарихнамасының жеке пән ретінде қалыптасу кезеңдері. Тарихнамалық жұмыстардың түрлері. Бүгінгі тарихнама және Қазақстан тарихы. Тарихнама пәні және оның міндеттері. Жалпы тарихтың тұжырымдамасы. Тарихи кезеңдер. Тарихи дәуір ұғымы. Қоғамда тарихи сананың қалыптасуы.

Өзін бақылау сұрақтары: Қазақстан тарихнамасы пәнінің негізгі деректері; негізгі кезеңдері; Қазақстан тарихнамасы ғылымының методологиясы; Тарихнама ғылымы, пәні, мақсаты мен міндеттері

Ұсынылатын әдебиеттер. Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы., 2008; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері. - А: Қазақ университеті, 2009.

Тақырып 2. Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнама.

Дәріс мақсаты: Ежелгі дәуірдегі Қазақстан тарихы мәселелерінің зерттелуін анықтау

Негізгі ұғымдар: тарихи процестер, объективтілік, тарихи этнография, теория, сыншылдық

Қысқаша мазмұны: 1. Тайпалар конфедерациялары және мемлекеттік

құрылымдар туралы тарихнамалық танымдар (б.з. дейінгі V ғ.-XI ғ.).

2. Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнама. Тарихи үдерістерді идеалистік тұрғыда түсіну. Геродоттың объективтілігі, елдер мен халықтарды сипаттауының тарихи-этнографиялық кестесі. Геродот еңбегінің тақырыптары мен мазмұндары. Страбонның «Географиясындағы» сақ (скиф) тайпалары сипаттамасының негізгі мәселелері. Фукидидтің ғылыми-тарихи сыншылдығы.

3. Қытай тарихнамасы Қазақстан халықтары туралы (б.з. дейінгі II ғ.-б.з. YIII ғ.). Қазіргі Қазақстан ғылымы үшін үнді-арийлер мәселелері. Үнді-арийлердің шығу тегі туралы теорияларға шолу

Негізгі мәселелер:

1. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары тарихының зерттелуі.

2. Қазақстандық ғалымдардың үнді - арийлер туралы ой – пікірлері.

Өзін бақылау сұрақтары: Сақ, үйсін, ғұн тайпалары туралы зерттеулер; ежелгі тайпалардың тарихынан мәлімет беретін тарихи деректер

Ұсынылатын әдебиеттер. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-т. -Алматы, 1996.; Гумилев Л.Н. Хунну. -М 1960.; Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. -А., 1996; Н. Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. - А., 1994.

Тақырып 3. Қазақстан тарихының түркі дәуіріндегі тарихнамасы.

Дәріс мақсаты: Түркі дәуіріндегі қазақ тарихы мәселелері тарихнамасын талдау.

Негізгі ұғымдар: руналық жазбалар, Түркі қағанаты, Батыс түрік қағандығы, жазба деректер.

Негізгі мәселелер:

1. Түркі дәуіріндегі тайпалар тарихы туралы тарихи деректер.

2. Түркі дәуірі тарихының тарихшы зерттеушілердің еңбектерінен көрініс табуы.

Қысқаша мазмұны: 1. Көне түркі руналық жазба ескерткіштері YI-X ғасырлардағы Қазақстан аумағы және халқы туралы. Руналық жазбалар және тас жылнамалар.

2.Түркі қағанаты бірінші тарихшыларының тарихи көзқарастары.

3.Рим авторлары; Византиялық шығармалары; Орыс жылнамалары.

Өзін бақылау сұрақтары: Түркі дәуірінің кезеңдері және тарихи деректері; Түркі, Батыс түрік, оғыз, қимақ, қыпшақ, қарлұқ және т.б. тайпалар туралы зерттеулер

Ұсынылатын әдебиеттер. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. -М., 1967.; Рашид ад-Дин.Сборник летописей. -М-Л1946.; Бернштам А.Н.Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрков YI-YIII вв. - М-Л., 1946.; Комеков Б.Е. Государство кимаков IX -X вв.по арабским источникам.-А-Ата., 1972.; Кляшторный С.Г. Древнетюркские памятники как источник по истории Средней Азии. -А-Ата., 1964.; Мыңжан Н.Қазақтың қысқаша тарихы. - А., 1994.; Аманжолов Қ.Р. Түркі халықтарының тарихы. -А., 2002; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 1-3 т. - Алматы, 2005; Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1-4 -т. -Алматы, 2006;

Сыздықов С. Қарлық мемлекетінің тарихы. - А., 2000.

Тақырып 4. IX-XII ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша араб және парсы зерттеулері.

Дәріс мақсаты: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты араб және парсы зерттеулерін талдау

Негізгі ұғымдар: өркениет, эпикалық ескерткіштер, философиялық көзқарас, шаманизм, мұсылмандық бағыттар

Негізгі мәселелер:

1. Араб және парсы дерек құрастырушыларының еңбектері және олардың негізгі спаттамасы

2. Араб және парсы деректеріндегі қазақ тарихының көрініс табуы

Қысқаша мазмұны: 1. Қоғамдық ғылымдардың дамуының саяси алғышарттары және араб-мұсылман өркениетінің әсері. Араб зерттеушілерінің халықтарды сипаттау кезіндегі бағыттары. Араб авторларының тарихи көзқарастары. Ибн-Хордадбек (IX ғ.), Ал-Джахиз (847-861), Ибн-Фадлан (IX-X ғ.), Аль-Истахри (X ғ.), X ғ. белгісіз автордың (Худуд ал-Алам) шығармасы және елдердің негізгі төрт белгілерін анықтаудағы автордың әдістемелік бағыты.

2. XI ғ. Гардизи, Зайн әл-акбар (Хабарларды безендіру). Қимақтардың шығу тегі, қарлықтар, оғыздар туралы және т.б. М.Қашқари, Ал-Марвази, әл-Табари, Иакуд (1179-1229, т.б. тарихи мәліметтері).

3. Қарахан мемлекетіндегі қоғамдық ғылымдар дамуының әлеуметтік-саяси алғышарттары. Ж.Баласағұн (Құтты білік), Ж.Баласағұн теорияларының, көзқарастарының философиялық, шамандық және исламдық түп негіздері. Әл-Фараби еңбектері, Эпикалық ескерткіштер тарихнама тұрғысында. Қорқыт кітабы, Оғыз-наме, Фирдоусидің Шахнамесі, Қобыланды, Алпамыс, Манас, және т. б.

Әбу Райхан Мұхаммед Ибн Ахмед әл-Бирунидің парсы-араб тілді әдебиеттік, тарихи-географиялық дәстүрлерді пайдалануы (Ибн Хордадбек, әл-Истахри, әл-Джайхани және т. б.).

Өзін бақылау сұрақтары: Араб және парсы деректерінің атаулары мен авторлары; деректердің негізгі мазмұны

Ұсынылатын әдебиеттер. Қазақстан тарихы бойынша парсы деректемелері. -Алматы., 2006.; Қазақстан тарихы бойынша араб деректемелері.-Алматы., 2006.; Сыздықов С.М. Қарлық мемлекетінің тарихы. -А., 2000.; Зуев Ю.А. Ранние тюрки очерки истории и идеологии. -А., 2002; Қазақстан тарихы туралы араб деректемелері. 1-3 т. - Алматы, 2005; Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері. 1-3 т. - Алматы, 2006

Тақырып 5. Қазақстан тарихының XIII-XVII ғғ. тарихнамалық ерекшеліктері.

Дәріс мақсаты: Қазақстан тарихының XIII ХУІ ғасырлардағы тарихнамалық ерекшеліктерін айқындау

Негізгі ұғымдар: монғол дәуірі, мұсылмандық тарихнамалық дәстүр, Шыңғыс ханның жаулап алу жорықтары, Алтын Орда, еуропалық жиһангерлердің жазбалары

Негізгі мәселелер:

1. Монғол кезеңі туралы жазба деректер

2. XIII ХУ ғасырлардағы мемлекеттік құрылымдар жайындағы мұсылман деректері

Қысқаша мазмұны: 1. Монғол жылнамалары. Құпия шежіре. Лубсан Данзан, Шар Пуджидің (Алтын шежіресі) (XVII ғ.).

2. Мұсылмандық тарихнамалық дәстүр. Ибн әл-Асир, Әл-Насави, Бейбарыс жылнамасы, әл-Омари, ибн Батут (XIV ғ.). Ибн Халдун, Ибн Арабшах (XV ғ.), Рашид ад-Дин, Низам ад-Дин Исами (XV ғ. басы), Раззак Самарканди, Ибн Рузбихан, Мұхаммед Хайдар.

3. XIII ғ. Моңғол империясы және Алтын Орда тарихы бойынша Еуропа зерттеушілері Марко Поло, Плано Карпини, Гильмо де Рубрук шығармаларының салыстырмалы сипаттамасы.

Өзін бақылау сұрақтары: Шыңғыс хан және оның билігі туралы тарихи шығармалар; Алтын Орда тарихнамасы; араб және парсы деректеріндегі Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі мемлекеттер жөніндегі мәліметтер.

Ұсынылатын әдебиеттер. Монғолдың құпия шежіресі. - Баян Өлгий., 1979.; Рашид -ад-Дин. Сборник летописей. -М-Л., 1952. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы., 1998. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т.1. - М., 1963.; Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. -М., 1993.; Э.Хара – Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. -А-Ата., 1992.; Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. -Астана., 2001.; Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. -М., 1973.; Греков Б.Д. Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. -М-Л., 1950; Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. 1-3-т. -Алматы, 2006; Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 3-т. Өтеміс қажының «Шыңғыс намесі» тілінің көрсеткіш сөздігі. -Алматы, 2006.

Тақырып 6. Қазақстан тарихын зерттеудегі еуроцентризм, шовинизм, қазақ халқының тарихын зерттеудегі бұрмалаушылық.

Дәріс мақсаты: Қазақ хандығы және қазақ халқының қалыптасуы мәселелеріне арналған тарихнамалық деректердің мазмұнын ашу, оларға баға беру

Негізгі ұғымдар: еуроцентризм, шовинизм, шынайылық, академиялық экспедициялар, мигациялық теория, автохтонды теория, көшпелі қоғам теориясы, императорлық географиялық қоғам

Негізгі мәселелер:

1. Қазақ хандығының құрылуы туралы тарихи еңбектер және олардың

тарихнамада алатын орны

2. Қазақ халқының қалыптасуы жайындағы ғылыми теориялар, олардың мәні мен идеологиялық бағыты

Қысқаша мазмұны: 1. XVIII ғасырдағы орыс тарихи ойының Қазақстан тарихын зерттеудегі теориялық- әдістемелік мәселелері. Саясаттың идеологиялық қалыптары - еуроцентризм, шовинизм, қазақ халқын тарихи зерттеудегі бұрмалаушылық, Қазақстанды зерттеудің отаршылдық мақсаты.

2. Г.Ф Миллердің (История Сибири) еңбегі. И.К.Кириллов (Цветущее состояние Всероссийского государства). В.Н.Татищев және қазақ халқының этногенез мәселесі. Қазақ халқын оқып үйренудегі П.И.Рычковтың қызметі. (Топография Оренбургской губернии). Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі.

3. II-ші Академиялық экспедицияның ғылыми-зерттеу еңбектері. П.С.Паллас (Описание всех в Российском государстве обитающих народов, а также их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопамятностей). И.Г.Георгий, Иоганн Фальк, Н.П.Рычков. II-ші Академиялық экспедиция қызметінің қорытындылары. В.В.Григорьевтің (1176-1881 жж.), В.В.Вельяминов-Зернов (1830-1904). (Исторические известия о киргиз-кайсаках и сложениях России со Средней Азией со времен Абулхайрхана), (Исследование о касымовских царях и царевичах). Қазақ халқының қалыптасуының мәселелері. М.И.Ильминский., В.Г.Тизенгаузен., Я.Ы.Ханыков (Географическое обозрение Оренбургского края). (Очерк состояния Внутренней Орды). И.Н.Березин (1818-1896 жж.) шығыстанушы. Г.Спасский (Сібір хабаршысы) журналы. Г.Спасскийдің (Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды) атты еңбегі. А.И.Левшин .

Өзін бақылау сұрақтары : Қазақ хандығы туралы тарихи деректер; қазақ мемлекеті мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулер; қазақ халқының қалыптасуы жөнінде орыс шығыстанушыларының еңбектері.

Ұсынылатын әдебиеттер. Чулошников А.П. Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. - Оренбург, 1924.; Левшин А.И. Описание киргиз-казацких, или киргиз - казачьих, орд истепей. - Спб., 1996.; Юдин В.П. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. - М., 1965.; Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих -и Рашиди. -Ташкент., 1996.; Кәрібаев Б. Қазақ хандығы. - Алматы, 1996; Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв: история, политика, дипломатия. - А., 1998;

Тақырып 7. Батыс Европа және орыс тарихшыларының концепциясы және қазақ басылымдарының қызметі.

Дәріс мақсаты: XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс Еуропа және орыс тарихшыларының Қазақстан тарихына қатысты тұжырымдамаларын көрсету. Қазақ даласында шығып тұрған ресми және бейресми басылымдардың тарихи ойды дамытудағы рөлін айқындау

Негізгі ұғымдар: этнографиялық әдебиет, ресми басылымдар, бейресми

басылымдар, қазақ даласын зерттеудегі орыстың географиялық қоғамы, орыс тарихнамасындағы демократиялық бағыт

Негізгі мәселелер:

1. Батыс Еуропаның қазақ тарихы бойынша тарихнамасы
2. Орыстың белгілі шығыстанушы ғалымдары және олардың қазақ тарихына қатысты еңбектері
3. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің төл тарихи білімді дамытудағы рөлі. Қазақ зиялыларының шығармаларындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері.

Қысқаша мазмұны: 1. Батыс еуропалық тарихнама. Герман тарихнамасы: Ф.Грен, Ф.Шварц, М.Альберхт, Мозер және т.б. Ағылшын тарихнамасы және Үлкен ойын концепциясы. Батыс еуропалық этнографиялық әдебиет.

2. В.В.Бартольд, В.В.Радловтың еңбектерінің сипаттамасы. А.Н.Харузин (1864-1900жж.). Бөкей ордасының қырғыздары. Ә.Диваев (1856-1933жж.). А.Е.Алекторов,

В.В.Вельяминов, И.В.Мушкетов, П.П.Семенов-Тянь-Шанский және т.б. еңбектері.

3. Қазақ халқының тарихи санасын оятудағы (Айқап) журналы мен (Қазақ) газетінің рөлі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ зиялыларының еңбектерінде.

Өзін бақылау сұрақтары: Батыстық тарихнамадағы көшпелі өркениет теориясы; Орыс шығыстанушылары еңбектерінің негізгі мазмұны мен тарихнамадағы алатын орны; ұлт зиялылары және халық-азаттық қозғалыстар тарихы.

Ұсынылатын әдебиеттер. Бөкейханов Ә.Таңдамалы. -А.,1995.; Байтұрсынов А. Ақ жол. -А., 1991.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз қазақ һәм хандар шежіресі. -А.,1991.; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз казакского народа. -Ташкент, 1925.; Дулатова Д.И. Иториография дореволюционного Казахстана. 1861-1917. -А-Ата., 1984.; Бартольд В.В. Соч. В 9 томах. -М 1991-1993.; Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. Соч. Т.2. -М.,1963.

Тақырып 8. Қазақстан тарихының 20-30-шы жылдардағы және 40-90 шы жылдар арасындағы проблемаларының тарихнамалық көрінісі.

Дәріс мақсаты: Қазақстан тарихының 1920-1990 жылдардағы проблемаларының тарихнамасын талдау

Негізгі ұғымдар: естелік, халық ағарту комиссариаты, коммунистік идеология, саяси билікке тәуелділік, истпарт, дәстүрлі шаруашылық, большевизм, саяси қуғын-сүргін, ғылыми пікірталас, тарихнамалық шығармашылық

Негізгі мәселелер:

1. Қазан төңкерісі және оның тарихи еңбектерден көрініс табуы
2. Кеңестік кезеңде қазақ тарихы мәселелеріне арналған зерттеулердің жүргізілуі
3. Коммунистік идеология және ұлт тарихы проблемелары

Қысқаша мазмұны: А.Байтұрсыновтың («Революция және қырғыздар»)

мақаласы. 1917 жылғы оқиғалар М.Шоқай естеліктерінде. К.Кемеңгерұлының («Қазақ тарихынан») атты зерттеуі. Т.Шонанұлының еңбектері. А.П. Чулошников («Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов»). В.В.Бртольдтың, А.Ю.Якубовскийдің, В.Владимировтың еңбектері. Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, Г.Сафаров («Колониальная революция») еңбегі. Г.Галузо («Туркестан колония»), М.Шоқайдың, С.Ф.Асфендияров пен А.П. Кунттың («Прошлое Казахстана в источниках и материалах» еңбегі). Т.Рысқұловтың 1916 жылғы түземдіктердің көтерілісі туралы зерттеулері. Ә.Бөкейханов пен М.Дулатовтың 1916 жылғы қазақтардың көтерілісі туралы еңбектері.

2. Халық ағарту комиссариаты жанындағы Испарт (Қазан төңкерісі тарихы мен коммунистік партия тарихы бойынша материалдарды жинау және зерттеу жөніндегі комиссия) - большевизмнің саяси қарсыластарына қарсы күрестің ғылыми орталығы.

3. Дәстүрлі шаруашылық бойынша тарихнамалық талас.

4. Қазақстан тарихнамасындағы 40-50, 90-шы жылдар кезеңдеріндегі тарихнамалық проблемалардың шешілу барысы. М.П.Вяткиннің Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеуі. М.Әбдіқалықов, А.Панкратовалардың редакциялауымен (Қазақ ССР тарихын) (Алматы, 1943 ж.) еңбегін дайындау және шығарумен байланысты ғылыми пікірталастар. Қазақстан КП ОК-нің (Қазақ ССР тарихының) 2-ші шығарылымын дайындау туралы 1945 жылғы 14 тамыздағы қаулысы.

Өзін бақылау сұрақтары: Отандық тарихнамадағы кеңестік кезеңдегі ахуал және оның дамуының негізгі бағыттары; Ұлт зиялыларының қазақ тарихына қатысты зерттеулері және олардың тарихнамадан алатын орны; Қазақстан тарихының өзекті проблемалары бойынша өткізілген пікірталастар.

Ұсынылатын әдебиеттер. Асфендияров С. История Казахстана. А., 1991.; Байтурсунов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. 1919. 3 августа.; Чокаев М. Туркестан под властью советов. -А.,1991.; Сафаров Г.И. Колониальная революция. Опыт Туркестана. М.,1921.; Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. Ч.1. 1917-1919.-Ташкент., 1925.; Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. М-А-Ата., 1931.; История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Под.ред. А.Панкратовой. М.Абдыхалыкова. -А-Ата., 1943.; Вяткин М.П. Батыр Сырым. -А-Ата., 1965.;Г алузо П.Г. Туркестан – колония. - А-Ата., 1935.

Тақырып 9. Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы тарихнамалық даму.

Дәріс мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан кезіндегі отандық тарихнама ғылымының жағдайын, дамуының бағыттарын айқындау және кенже қалуының себептерін ашу.

Негізгі ұғымдар: маркстік-лениндік методология, тарихи партиялық бағыт, саяси репрессия, ұлттық демократиялық зиялы топ, диаспора, шет ел тарихнамасы

Негізгі мәселелер:

1.Тарихнамада жаңа методологиялық ұстанымдарды қалыптастыру қажеттілігі және оның қиындықтары

2.Саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен ұлт зиялыларының еңбектері және олардың тарихнамадан алатын орны

3.Қазақ тарихы мәселелері шетелдік тарихнамада.

Қысқаша мазмұны: 1. Ескі таптық маркстік-лениндік методологиядан бас тарту. Тарих ғылымының тарихи-партиялық бағытының күйреуі.

2. Саяси репрессиядан зардап шеккен қазақ зиялылары мен мемлекет қайраткерлерінің еңбектері. Қазақстан Республикасының (Жаппай саяси репрессиялау құрбандарын ақтау туралы) (1993 ж., 14 сәуір) заңы және оның тарихи мәні.

3. Қазақ диаспорасының тарихын зерттеу (Н.Мұхамедханұлы, Г.М.Мендікұлов және т.б.). Х.Оралтайдың зерттеулері мен естеліктері. Қазақстанның шет елдік тарихнамасы. Р. Конквест, М.Олкотт, Б. Хайт және қазақстандағы басқа да ғалымдардың еңбектерін зерттеу (қазақстандық зерттеушілер К.Л. Есмағанбетов, К. Несіпбаева және т.б. еңбектері). Қазақстанның қазіргі кезеңінің тарихнамасы бойынша монографиялар шығару (М.Қозыбаев, О.Х.Мұхатова және т.б.).

Өзін бақылау сұрақтары: Кеңес Одағының ыдырауы және маркстік-лениндік методологияның дағдарысы. Жаңа әдіснама қалыптастырудың қиындықтары; Шетелдік зерттеушілердің қазақ тарихына қызығушылық тудыруы. Солардың еңбектеріндегі Отан тарихы мәселерінің көрініс табуы және олардың шынайылығы.

Ұсынылатын әдебиеттер. Есмағанбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. - А., 1998.; Мұхатова О. XIX - XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. -А., 2002.; Козыбаев И. Историография Казахстана уроки истории.- А-Ата., 1990.; Несіпбаева К. Р. Англо-американская историография экспансии Российской империи в Средней Азии и Казахстане. - А., 1998.; Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. -А., 1993.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫ

1 семинар. Қазақстан тарихнамасы пәнінің тарих ғылымындағы орны.

Мақсаты: Қазақстан тарихнамасы пәнінің мақсаты мен міндеттерін және тарих ғылымындағы орнын анықтау

Негізгі мәселелер: Қазақстан тарихнамасы пәні, тарихнама ғылымы, ғылымның негізгі ұғымдары, заңдылықтары, зерттеу принциптері мен әдістері, пән аралақ байланыстары

1. Қазақстан тарихнамасының тарих пәндері жүйесіндегі, тарихи зерттеулер құрылымында алатын орны мен маңызы.

2. Тарихнамалық факт. Тарихнамалық дерек. Қазақстан тарих ғылымының даму тарихы бойынша деректер.

3. Тарихнамалық зерттеудегі жалпы ғылыми принциптер мен әдістер.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: ауызша сұрақ-жауап, негізгі ұғымдарын жазбаша талап ету, сөздікпен жұмыс істеу.

Әдістемелік нұсқаулар: тақырыпты оқып-үйренуде басты назарды тарихнама ғылымының ерекшеліктеріне аударған жөн, өйткені тарихнаманың өзіндік ерекшеліктерін түсінбей оның мақсаты мен міндеттерін ұғыу мүмкін емес. Ең алдымен ғылымның теориялық негіздерін, яғни негізгі ұғымдарын меңгеру маңызды болып табылады. Тарихнамалық дерек, тарихнамалық факті ұғымдарын түсініп қана қоймай, мысалдар келтіру арқылы оларды бекіте түсу қажет. Соннымен қатар ғылымның методологиялық ұстанымдарын терең түсіну ғылымның тұғырнамалық ұстанымдарын терең меңгеруге септеседі. Тарихнаманың зерттеу принциптері мен әдістеріне Қазақстан тарихын зерттеудің кез келген мәселелерінен мысалдар келтіре отырып түсінген абзал. Сұрақтарға жауап беруде аталғандарды тарих ғылымының методологиялық ұстанымдарымен салыстыра отырып қарастыру ұтымды болып саналады.

Әдебиеттер: Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы, 2008; Омарбеков Т.Омарбеков Ш.Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. -А., 2002; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымы: теориялық методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері. - А: Қазақ университеті, 2009.

2 семинар. Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнама.

Мақсаты: Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнаманы талдау.

Негізгі мәселелер: Сақ, ғұн, үйсін тайпалары туралы тарихи деректер.

1. б.з. дейінгі V ғ.-XI ғ. тайпалар конфедерациялары және мемлекеттік құрылымдар туралы тарихнамалық танымдар.

2. Геродоттың, Страбонның, Фукидидтің еңбектері және олардың маңызы.

3. Үндіайялдердің шығу тегі туралы теорияларға шолу.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: тақырыпқа байланысты тарихнамалық

деректер бойынша қысқаша хабарламалар жасау, негізгі тарихнамалық деректердің атауларын жазбаша тізіп жазу, кесте құрастыру.

Әдістемелік нұсқаулар: Мәселені Қазақстанның көне дәуірдегі тарихнамасын талдауда негізгі тарихнамалық деректерді анықтаудан бастау қажет. Ежелгі тайпалардың тарихына қатысты деректерді топтарға бөліп, олардың әрқайсысына шолу жасаған жөн. Тарихнамалық сипаттаманы үш кезеңге XX ғасырдың бас кезіне дейінгі, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріне топтастырып жасау тақырыптың мазмұнын толық ашуға септеседі. Үндіарийлердің шығу тегі бойынша теорияларды өзара салыстыру олардың мәнін айқындауға мүмкіндік береді.

Оқытушының назарына. Семинар сабағында алдын-ала дайындалып, құрастырылған библиография бойынша топтағы студенттерді 2 немесе 3 шағын топқа бөліп, ежелгі тайпалардың қайсысының тарихының жан-жақты зерттелгендігін қарастырып, тарихнамалық деректер арқылы дәйектеген тиімді. Мәселені зерттеудің ежелгі дәуірдегі, XX ғасырдың бас кезіне дейінгі кезеңдегі және тәуелсіздік жылдарындағы бағыттарын да топтарда жұмыс істеу түрінде көрсеткен бір жағынан студенттерді ынталандырса, екінші жағынан тарихнамалық шолуды салыстырмалы түрде жасауға мүмкіндік береді. Ал үндіарийлердің шығу тегі туралы теорияларды кесте түрінде көрсету студенттердің бұл мәселені терең түсінуіне жол ашады. Кестені де шағын топтар студенттерінің көмегімен құрастыру жекелеген студенттердің жауабынан гөрі тиімді.

Әдебиеттер: Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-т. - Алматы, 1996.; Гумилев Л.Н. Хунну. - М, 1960.; Қазақстан тарихы. 1-т. - Алматы, 1996.; Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994.

3- семинар. Қазақстан тарихының түркі дәуіріндегі тарихнамасы.

Мақсаты: Түркі дәуіріндегі Қазақстан тарихнамасын талдау

Негізгі мәселелер:

1. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштері VI-X ғасырлардағы Қазақстан территориясы және халқы туралы.
2. Руналық жазбалар және тас жылнамалар.
3. Түркі қағанаты бірінші тарихшыларының (Тоныкөк, Иолық тегін) тарихи көзқарастары.
4. Ром авторлары. Византиялық шығармалар. Орыс жылнамалары.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: ахуалды шешу, тарихнамадағы салыстырмалы-проблемалық, логикалық талдау әдістерін пайдалану.

Әдістемелік нұсқаулар: тақырыпты оқып-үйренудегі ең маңызды тұсы көне түркі руналық жазбалардың тарихнамалық дерек ретіндегі құндылығын ашып көрсету болып табылады. Себебі олар өздерінің бойына VI-X ғасырлардағы Қазақстан аумағы, халқы, шаруашылығы, әлеуметтік құрылымы, саяси жағдайы туралы мәліметтерді сақтаған. Сондықтан да олар тек тарихи дерек ретінде ғана емес тарихнамалық дерек болып саналады, өйткені бітіктастардың көпшілігі ғылыми зерттеулер түрінде жарық көрген. Олар түркі қоғамының ерекшеліктерін қарастыруға мұрындық болады. Басты

назарды Тонькөк пен Иолық тегіннің тарихи көзқарастарына аудару қажет. Оларды сипаттау қажет және руналық жазбалардың мәтіндерімен салыстыра қарастырса, студенттердің ой-өрісін жетілдіруге, әрі оқу материалын ғылыми зерттеулер жүргізуде пайдалануға мүмкіндік береді. Ром авторларының еңбектері, византиялық шығармалар, орыс жылнамалары бойынша олардың тарихнамалық дерек ретіндегі өзіндік ерекшеліктерін салыстыра жауап берген дұрыс. Оқытушыға сабақты тартымды етіп өткізуі үшін тарихнамадағы проблемалық ахуалды шешу әдісін ұстанған ұтымды. Студенттерді топтарға бөліп, семинар сабағында мазмұны ашылуға тиіс мәселелер бойынша сұрақтар қойдырып, олардың белсенділіктерін арттыруға болады. Балл сұрақтың қойылымына, ғылымилығына, мәніне және жауаптың дұрыстығына қарай қойылады.

Қорытынды түркі кезеңі тарихын зерттеудегі бітіктастар мен жазба деректердің маңызына баға беруге байланысты түйінделеді.

Әдебиеттер: Гумилев Л.Н. Древние тюрки. -М., 1967.; Рашид ад-Дин. Сборник летописей. - М-Л., 1946.; Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII вв. -М-Л., 1946.; Комеков Б.Е. Государство кимаков IX -X вв. по арабским источникам. - А-Ата., 1972.; Кляшторный С.Г. Древнетюркские памятники как источник по истории Средней Азии. -А-Ата., 1964.

4-5 семинар. IX-XII ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша араб және парсы зерттеулері.

Мақсаты: араб және парсы, мұсылман деректеріне тарихнамадық деректер ретінде шолу жасап, тарихи білімге қосылған үлеске баға беру.

Негізгі мәселелер:

1. Араб авторларының тарихи көзқарастары. Ибн-Хордадбек (IX ғ.), Ал-Джахиз (847-861), Ибн-Фадлан (IX-X ғ.), Аль-Истахри (X ғ.), X ғ. белгісіз автордың (Худуд ал-Алам) шығармалары.
2. XI ғ. Гардизи, Зайн әл-акбар (Хабарларды безендіру). Қимақтардың шығу тегі, қарлықтар, оғыздар туралы және т.б. М.Қашқари, Ал-Марвази, әл-Табари, Иакуд (1179-1229, т.б. тарихи мәліметтері).
3. Ж.Баласағұнның тарихи көзқарастары. әл-Фараби еңбектері.
4. Түркі дәуіріне байланысты мұсылман деректері.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: «персс-конференция» тарихнамалық кесте құрастыру, салыстырмалы талдау, қорыту.

Әдістемелік нұсқаулар: тақырып бойынша жекелеген мәселелерді қарастыруды араб және парсы деректерінде қазақ тарихы проблемаларының көрініс табуынан бастау қажет. Әсіресе осы деректердегі түркі тайпаларының қоғамдық-саяси, әлеуметтік, шаруашылық, мәдени өмірі туралы мәліметтерге назар аудару қажет. Студенттерді шағын үш топқа бөліп, біреуіне араб деректерінің, екіншілеріне парсы деректерінің негізгі мазмұнына баға беруді, ал үшінші топқа айтылғандарға сарапшы болуды тапсыру керек. Мұндай әдіс бір жағынан студенттерді топпен жұмыс істеуге үйретсе, екіншіден жоғары балл алуға ынталандырады, әрі бір-бірінің жауаптарын шынайы бағалай

білуге дағдыландырады. Бұдан соң топтар араб және парсы деректері бойынша тарихнамалық кесте құрастырып, оларды талдауы тиіс. Сонда ауызша берген жауаптары нақты кесте түрінде көрініп, аталмыш деректерге ортақ мәселелер мен ерекшеліктері ашылатын болады. Ең бастысы араб, парсы, т.б. мұсылман деректерінің тарихнамалық дерек болып саналатындығын түсініп, жауапты осы бағытта берген дұрыс.

Ж.Баласағұнның, әл-Фарабидің еңбектерін талдауда «пресс-конференция» әдісін пайдаланған ұтымды. Студенттер сұхбат берушілерге сауалдар қою тарихшы-ойшылдардың тарихи білімді дамытуға қосқан үлестеріне баға береді.

Түркі дәуіріне байланысты мұсылман деректерінің мәні мен мазмұнын және маңызын айқындауды салыстырмалы талдау негізінде жүргізген абзал, өйткені бұл әдіс олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге жол ашады.

Семинар сабақтарының соңында қорытынды жасауды студенттердің өздеріне тапсырса, ой-тұжырымдар түйіндеуге машықтанады.

Әдебиеттер: Қазақстан тарихы бойынша парсы деректемелері. 1-3-т. - Алматы., 2006.; Қазақстан тарихы бойынша араб деректемелері. 1-3-т. - Алматы., 2006.

6 семинар. XIII-XVII ғғ. Қазақстан тарихын зерттеу.

Мақсаты: Шыңғыс хан және оның жаулап алу жорықтары, Алтын Орда тарихына қатысты деректерді талдау, олардың маңызын ашу.

Негізгі мәселелер:

1. Шыңғыс хан кезеңі туралы жазба деректер.
2. Мұсылмандық тарихнамалық дәстүр Шыңғыс хан және Алтын Орда жайында.
3. XIIIғ. Моңғол империясы және Алтын Орда тарихы бойынша Еуропа зерттеушілері Марко Поло, Платано Карпини, Гильмо де Рубрук шығармаларының және олардың маңызы.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: ахуалды шешу әдісі, конспект дайындау,

Әдістемелік нұсқаулар: Шыңғыс хан туралы алғашқы тарихнамалық деректерді өзара салыстыру оның шыққан тегін, әлеуметтік ортасын, билігіне берілген бағаны айқындауға көмегін тигізеді. Шыңғыс ханға тарихи тұлға ретінде берілген бағалар негізінде тарихнамалық деректерге сүйене отырып кесте құрастырылады. Бұл бір жағынан дәстүрлі конспект дайындаудан гөрі студент үшін дәйекті әрі, екінші жағынан оқытудың жаңа әдістерін ұстану болып саналады. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, оқытушы да, студент те тарихнама ғылымының өзіндік категорияларын терең меңгергені абзал. Өйткені тарихнамалық дерек, тарихнамалық факті ұғымдарын түсінбей жаңа технология бойынша жұмыс істеу былай тұрсын, тақырыпқа қатысты мәселелерді ашу қиынға соғады.

Мұсылман деректеріндегі Шыңғыс хан және Алтын Орда, оның саяси жағдайы, қоғамдық құрылымы, әлеуметтік-шаруашылық жай-күйі мәселелері қысқаша конспект дайындау арқылы баяндауға болады. Аталмыш деректердегі тарихнамалық ерекшеліктерді айқындауда ең бастысы Шыңғыс

хан және ол құрған мемлекет тарихына қатысты мәліметтердің шынайы түрде берілгендігін анықтау саналады. Сондықтан да деректерге салыстырмалы шолу жасау қажет.

Марко Поло, Платано Карпини, Гильмо де Рубрук шығармаларындағы Монғол империясы мен Алтын Орда туралы мәліметтермен «пресс-конференция» ұйымдастыру арқылы танысып, тарихнамалық баға беруге болады.

Қорытындыны аталған деректердің мәселені зерттеудегі қайталанбас ерекшеліктерін көрсетумен байланыстырған жөн.

Әдебиеттер: Монғолдың құпия шежіресі. - Баян Өлгий., 1979.; Рашид -ад-Дин. Сборник летописей. -М-Л., 1952. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы., 1998. Бартольд В.В.Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т.1. - М.,1963.; Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. -М., 1993.; Э.Хара – Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. -А-Ата., 1992.; Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. -Астана., 2001.; Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. -М.,1973.; Греков Б.Д. Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. -М-Л., 1950.

7 семинар. Аралық бақылау.

8-9- семинар. Қазақстан тарихын зерттеудегі еуроцентризм, шовинизм, қазақ халқын тарихи зерттеудегі бағыттары.

Мақсаты: Қазақ хандығының тарихнамасын, қазақ халқының қалыптасуының зерттелу деңгейін талдау

Негізгі мәселелер:

1. XVIII ғасырдағы орыс тарихи ойының Қазақстан тарихын зерттеудегі теориялық-әдістемелік мәселелері. Қазақстанды зерттеудің отаршылдық мақсаты.

2. II-ші Академиялық экспедицияның ғылыми-зерттеу еңбектері.

3. Н.П. Рычков. В.В. Григорьевтің, В.В. Вельяминов-Зернов, В.Г. Тизенгаузен, А.И.Левшиннің зерттеулері, олардың тарихнамадағы орны.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері:

Әдістемелік ұсынымдар: бірінші мәселе бойынша орыс шығыстанушыларының қазақ тарихын зерттеудегі, әсіресе Қазақ хандығының құрылуының, халықтың қалыптасуының тарихына қатысты ұстанған принциптерін, ұлыдержавалық шовинистік, еуроцентристік бағыттардағы тұжырымдарына назар аудару қажет. Әсіресе Қазақ хандығының құрылуына, қазақ халқының қалыптасуына қатысты көшпелілерде мемлекеттің орын алуын жоққа шығаратын тұжырымдарын, этностың құрылуының алғышарттары мен үрдістеріне байланысты пікірлеріне мән берген дұрыс. Орыс зерттеушілерінің Қазақстанның өткенін зерттеудегі қойған мақсатын анықтау маңызды болып табылады.

II-ші Академиялық экспедицияның ғылыми-зерттеу еңбектеріне шолуды ахуалды шешу тәсілі ауқымында жүргізу олардың сипаты мен идеологиялық

мәнін айқындауда тиімді.

Н.П. Рычков. В.В. Григорьевтің, В.В. Вельяминов-Зернов, В.Г. Тизенгаузен, А.И. Левшин тәрізді ғалымдардың еңбектерінің мазмұнына жеке-жеке тоқталып, қазіргі ғылыми методология тұрғысында баға беру олардың кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жауапты осы ғалымдардың Отан тарихының орта ғасырлардағы өзекті мәселелерін зерттеудегі түйіндеген тұжырымдарына сүйене отырып құрастырған абзал. Жауапты ғалымдардың «өздерін» сөйлету арқылы талдау немесе «мұражайға саяхат» түрінде олардың әрқайсысының өмірбаяндарына тоқталып, еңбектерінің мазмұнына шолу жасау тақырыпты терең түсінуге септеседі.

Әдебиеттер: Чулошников А.П. Очерки по истории казах- киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. - Оренбург, 1924.; Юдин В.П. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. - М., 1965.; Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих -и Рашиди. -Ташкент., 1996.; Кәрібаев Б. Қазақ хандығы. -Алматы, 1996.

10-11- семнар. XIX ғ. II-ші жартысы мен XX ғ. басында дамуы Батыс Европа және орыс тарихшыларының концепциясы және қазақ басылымдарының қызметі.

Мақсаты: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы тарихи білімнің, ойдың дамуын көрсету

Негізгі мәселелер:

1. В.В.Бартольд, В.В.Радловтың еңбектерінің сипаттамасы. А.Н.Харузин (1864-1900жж.).
2. Қазақ халқының тарихи санасын оятудағы («Айқап») журналы мен («Қазақ») газетінің рөлі.
3. Ұлт зиялыларының қазақ тарихына қатысты еңбектері және олардың тарихи маңызы.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: салыстырмалы-проблемалық талдау, «баспасөз мәслихатын» ұйымдастыру, «ахуалды шешу», баға беру.

Әдістемелік ұсынымдар: Орыстың көрнекті шығыстанушылары В.В.Бартольдтің, В.В.Радловтың, А.Н.Харузиннің еңбектері және олардың отандық тарихнаға қосқан үлесін жеке-жеке талдауға назар аудару қажет. Олардың еңбектеріне ортақ мәселелерді және қайталанбайтын тұжырымдарын көрсетуге тырысқан жөн. Мұндайда «баспасөз мәслихатын» ұйымдастыру әдісі қолайлы.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің төл тарихи ойды дамытуға және қазақ халқының тарихи санасын оятуға қосқан үлесін талдауды студенттерді үш шағын топқа бөліп бірін айқаптықтар, екіншілерін қазақтықтар, ал үшіншілерін ресми сарапшылар ретінде тағайындап, «ахуалды шешу» әдісін пайдаланып, ұйымдастырса олардың жадында материал ұзақ сақталады. Студенттерді пікір-талас жүргізуге үйретуде «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы жер мәселесін нақты деректерді пайдалана отырып талдаған дұрыс. Осындай әдістерді қолданып, сабақ өткізсе ол тартымды, әрі студенттер үшін қызықты болады.

XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи ойдың дамуына елеулі үлес қосқан ұлт зиялылары еңбектерін, әсіресе Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердіұлының, Ж.Ақпаевтың, А.Байтұрсыновтың тарихи көзқарастарын өзара салыстыра талдаудың маңызы зор. Олардың тарихты зерттеуде ұлттық мүддені ұстанғандықтарын баса көрсету қажет. Жауаптарды орыс зерттеушілер мен ұлт зиялыларының көзқарастарын компоративтік тәсіл негізінде қарастыру ұтымды болып табылады.

Әдебиеттер: Бөкейханов Ә.Тандамалы. -А., 1995.; Байтұрсынов А. Ақ жол. - А., 1991.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз қазақ һәм хандар шежіресі. -А., 1991.; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз казакского народа. - Ташкент, 1925.; Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана. 1861-1917. -А-Ата., 1984.; Бартольд В.В. Соч. В 9 томах. -М 1991-1993.; Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. Соч. Т.2. -М.,1963.

12-13 семинар. Қазақстан тарихы ғылымы кеңестік жүйе кезеңінде. 20-30-шы жылдардағы және 40-90 шы жылдар арасындағы тарихи проблемалардың тарихнамалық көрінісі.

Мақсаты: Кеңестік кезеңдегі отандық тарихнама ғылымының даму үрдістерін айқындау

Негізгі мәселелер:

1. Ұлт зиялыларының қазақ тарихының өзекті мәселелеріне арналған зерттеулері.
2. Большевиктік идеология және қазақ тарихының тағдыры.
3. Дәстүрлі шаруашылық бойынша тарихнамалық талас.
4. Қазақстан тарихнамасындағы 40-50, 90-шы жылдар кезеңдеріндегі тарихнамалық проблемалардың шешілуі барысы.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері: «дөңгелек стол» ұйымдастыру, қысқаша рефераттар дайындау, проблемалық талдау,

Әдістемелік ұсынымдар: конспект дайындау, «дөңгелек стол» ұйымдастыру,

Ұлт зиялыларының қазан төңкерісі мен кеңес өкіметінің орнатылуы туралы пікірлерін нақты тарихнамалық деректердің негізінде көрсеткен ұтымды. Оларды қазіргі кездегі жаңа көзқарастармен салыстырса, мәселені зерттелуде зиялылардың шынайы ой танытқанына көз жеткізуге болады. Мәселені «дөңгелек стол» ұйымдастыру арқылы талдаса тартымды, әрі материал жақсы меңгеріледі.

Большевиктік идеологияның қазақ тарихын зерттеуге ықпалын арнайы Халық ағарту комиссариаты жанындағы партия тарихын зерттеумен айналысқан, маркстік-лениндік методологияны, таптық бағыттың қалыптастырған институттың құрылуы және қызметі ауқымында қарастыру қажет. Бұл қазақ тарихын зерттеудегі бұрмалаулардың, сыңаржак тұжырымдардың, таптық-формациялық тұжырымдамалардың орын алуы себептерін түсінуге жол ашады. Мәселенің мәні алдын-ала дайындалған қысқаша хабарламалар бойынша айқындалғаны бір жағынан уақытты тиімді пайдалануға, екінші жағынан студенттерді қысқа ой түйіндеуге үйретеді.

Дәстүрлі шаруашылық бойынша тарихнамалық таласты қарастыруда ең алдымен оның теориялық мәселелерін зерттеген ғалымдар еңбектерінің мазмұнын ашу қажет. Бұдан соң дәстүрлі шаруашылықтың экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктерін көрсететін шығармаларға назар аударып, содан кейін аталмыш таластың себептері мен салдарына тоқталған жөн. Бұл мәселені сұрақжауап түрінде өткізген ұтымды. Сауалдарды студенттерге өздеріне қойдырып, жауаптарды өзара бағалау әдісін ұстану проблеманы терең түсінуге мүмкіндік береді. Білім студенттің сұрақты дұрыс қойғаны, жауап бергені үшін бағаланады.

Төртінші мәселенің ауқымдылығына байланысты тақырыптың мазмұныны ашу үшін ең алдымен көрсетілген кезеңдегі отандық тарихнама ғылымы дамуының негізгі үрдістеріне назар аудару керек. XX ғасырдың 20-90 жылдарындағы тарихнаманың дамуына ықпал еткен факторларды ашып көрсетудің маңызы зор. Себебі олар кеңестік тарихнаманың мәні мен бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Тарихнамада терең әрі жан-жақты зерттелген мәселелерді бөліп көрсету қажет.

Әдебиеттер: Асфендияров С. История Казахстана. А., 1991.; Байтурсунов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. 1919. 3 августа.; Чокаев М. Туркестан под властью советов.-А.,1991.; Сафаров Г.И. Колониальная революция. Опыт Туркестана. М.,1921.; Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. Ч.1. 1917-1919.-Ташкент., 1925.; Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. М-А-Ата., 1931.; История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Под.ред. А.Панкратовой. М.Абдыхалыкова. -А-Ата., 1943.; Вятин М.П. Батыр Сырым. -А-Ата., 1965.;Г алузо П.Г. Туркестан – колония. - А-Ата., 1935.

14 семинар. Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы тарихнамалық даму.

Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі отандық тарихнама ғылымының жағдайына талдау жасау

Негізгі мәселелер:

- 1.Маркстік-лениндік методологияның дағдарысы және отандық тарихнама ғылымындағы қиындықтар.
- 2.Саяси репрессиядан зардап шеккен қазақ ұлттық-демократиялық интеллигенциясы мен мемлекет қайраткерлерінің еңбектері.
- 3.Қазақ диаспорасының тарихын зерттеу. Қазақстанның шет елдік тарихнамасы.
- 4.Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі тарихнама ғылымының жай-күйі.

Әдістемелік тәсілдердің түрлері:

Әдістемелік ұсынымдар: тақырып бойынша сұрақтарды қарастыруда Кеңес Одағының ыдырауына орай отандық тарихнама ғылымында туындаған қиындықтар мен проблемалардың, қазақстандық тарихнама ғылымының кенже дамуының себептерін ашып көрсетуге назар аудару қажет. Әсіресе ғылымда маркстік-лениндік методологияның дағдарысқа ұшырауы, осыған орай жаңа методологияны қалыптастырудың қиындықтарына тоқталған жөн, себебі оларды ашып көрсету қазіргі кезеңдегі ғылымның жай-күйін ұғынуға

мүмкіндік береді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналған қазақ ұлттық-демократиялық интеллигенциясы мен мемлекет қайраткерлерінің еңбектеріндегі қазақ тарихына қатысты бұрын-соңды айтылмаған пікірлерді жүйелеудің маңызы зор. Жүйелеуді тарихнамадағы проблемалық әдісті қолдана отырып жүргізу тиімді.

Қазақ диаспорасының тарихын зерттеген авторлар еңбектерінің (отандық тарихнамада олар өте аз) мазмұнына шолу жасап, қарастырылған мәселелерін тізіп жазу аталмыш проблеманың зерттелген тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда мұндай әдіс тарихнамалық деректері шектеулі мәселеге қатысты екендігін ескірген жөн.

Қазақстанның шет елдік тарихнамасында көбінесе отарлық жүйедегі қазақ даласы туралы еңбектер орын алғандықтан солардағы тың тұжырымдарға назар аударған жөн.

Әдебиеттер: Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. - А., 1998.; Мұхатова О. XIX - XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. -А., 2002.; Козыбаев И. Историография Казахстана уроки истории.- А-Ата., 1990.; Несипбаева К. Р. Англо-американская историография экспансии Российской империи в Средней Азии и Казахстане. - А., 1998.; Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. -А., 1993.

15 семинар. Аралық бақылау.

СӨЖ бойынша әдістемелік ұсынымдар

Тақырып: Тас және қола дәуірлері тарихын зерттеу.

Мақсаты: Қола дәуіріндегі Қазақстан тарихнамасын талдау

Өткізу формасы: Жазбаша және ауызша (сұраққа жауап, мысалдар келтіру, талдау жасау, салыстыру).

Тапсырма: тарихнамалық деректер негізінде конспект дайындау, қола дәуірінің кезеңдері туралы ғылыми тұжырымдар бойынша кесте құрастыру.

Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар: Қола дәуірінің археологиялық ескерткіштері және олардың орналасуын көрсететін еңбектерге шолу жасай отырып, қола дәуірінің кезеңдері туралы тарихнамалық фактілер бойынша кесте дайындау қажет. Кесте құрастырып қана қоймай, оған талдау жасау жауаптың құндылығын арттырады. Қола дәуірінің мәдениеттерін зерттеудің бағыттары мен қорытындыларын конспект түрінде дайындаған дұрыс, өйткені ол студенттерді тарихнамалық деректермен тікелей жұмыс жасауға, әрі олардың мазмұнын бір-бірімен салыстыруға дағдыландырады.

Әдебиеттер: Кляшторный С.Г., Султанов Т. И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма –Ата: “Рауан”, 1992.

Тақырып: Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары тарихының зерттелуі.

Мақсаты: Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары тарихының тарихнамасын

талдау

Өткізу формасы: жазбаша (сұраққа жауап, мысалдар келтіру, талдау жасау, салыстыру).

Тапсырма: Сақ, ғұн тайпалары тарихының тарихнамасына қатысты еңбектер бойынша конспект әзірлеу.

Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар: ең алдымен тақырыпқа қатысты библиография құрастырып, тарихнамалық деректерді жүйелеп, оларды жекелеген тайпалардың тарихына орай топтастырған ұтымды. Сонда көрсетілген тайпалар тарихының қайсысының тереңірек зерттелгендігі көрнекі түрде көрініп тұрады. Тарихнамалық талдауды мерзімдемелік әдіс бойынша жүргізу тиімді, әрі мәселенің зерттелу деңгейін және қандай кезеңде жан-жақты қарастырылғандығын анықтауға қолайлы.

Әдебиеттер: Гумилев Л.Н. Хунну. - М 1960.; Древняя культура Центрального Казахстана. - А-Ата., 1965.; Археология Казахстана. - А., 2006.

Тақырып: Түркі қағанаттары туралы зерттеулер

Мақсаты: Түркі қағанаттары тарихының зерттелу деңгейін анықтау

Өткізу формасы: жазбаша (библиография құрастыру, тарихнамалық деректер бойынша конспект дайындау)

Тапсырма: Түркі, Батыс Түркі қағандықтары туралы зерттеулер, оғыз, кимақ, қыпшақ, қарлық, қарахандық мемлекеттік бірлестіктері тарихын зерттеу, түркі мәдениеті мәселелерінің зерттелеуіне байланысты ғылыми еңбектердің тізімін құрастыру.

Әдістемелік ұсынымдар: тапсырманы орындауда жекелеген түркі тайпаларының тарихына қатысты библиография құрастырып алған жөн. Библиография түркі мемлекеттік құрылымдарының қайсының тарихы және қандай тұстарының тереңірек зерттелгендігінен хабар береді.

Әдебиеттер: Бартольд В.В. Древнетюркские надписи и арабские источники. Соч. т.5. - Москва, 1968.; Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. - М., 1950.; Кюнер Н.В. Китайские известия о народах южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. - М., 1961.; Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источники по истории Средней Азии. - М. 1964.; Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. - М.-Л., 1951.; Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. - А., 1999.; Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. - Алма-Аты, 1972.

Тақырып: IX-XII ғасырлардағы Қазақстан тарихы ғылыми зерттеулерде.

Мақсаты: Алтын Орда тарихының зерттелу деңгейін айқындау.

Өткізу формасы : жазбаша және ауызша.

Тапсырма: Алтын Орданың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ғылыми еңбектердің тізімін жасау, Алтын Орданың күйреуінің себептері және салдары туралы ғалым, тарихшылар тұжырымдары бойынша конспект дайындау.

Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар: студентке тарихнамалық деректердің арасынан екі немесе үш еңбекті таңдап алу құқығы беріледі. Сол зерттеулердің қысқаша мазмұнын көрсетіп, автордың екі немесе үш тұжырымын дәптеріне жазып келуі тиіс. Сонда студенттің тарихнамалық дерекпен жұмыс істегені анық көрінеді. Авторлар тұжырымдарын өзара салыстырып, ғылымда орныққан қорытындыға сәйкестігін айқындау Алтын Орда тарихнамасындағы үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер: Қазақстан тарихы бойынша парсы деректемелері. - Алматы., 2006.; Қазақстан тарихы бойынша араб деректемелері. - Алматы., 2006.

Тақырып: XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдар тарихын зерттеу.

Мақсаты: Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы тарихнамасын талдау

Өткізу формасы: жазбаша (өздік жұмыс өткізу)

Тапсырма: Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығын зерттеудің негізгі бағыттарын айқындау және осыған орай еңбектердің мазмұнын көрсететін, оларда көрсетілген тұжырымдарды бойынша жазбалар дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар: тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жарық көрген еңбектерге назар аударып, мәселенің этникалық тұстарын зерттеуге көңіл бөлген жөн. Студенттің қалауы бойынша бір тарихнамалық дерек таңдап алынады. Соған сәйкес талдау жасалып, автордың белгілі мемлекеттік құрылымға қатысты тұжырымдары дәптерге жазылуы тиіс.

Әдебиеттер: Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XV вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы: “Дайк-Пресс”, 1998.; Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары IX-XII ғғ. - Астана 2000. ; Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. - М., 1965.; Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. - Ташкент.,1996.; Кәрібаев Б. Қазақ хандығы. -Алматы, 1996.

Тақырып: Абылай хан және оның билігінің ғылыми әдебиеттерден көрініс табуы.

Мақсаты: дәріс тақырыбы бойынша алған білімді тереңдету

Өткізу формасы: жазбаша

Тапсырма: Абылай хан туралы тарихнамалық деректері бойынша конспект дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар: Абылай ханның билігін қарастыратын зерттеулер бойынша тарихнамалық талдау жасап, оның қазақ мемлекетінің тұтастығын сақтап қалудағы, көршілес елдермен қатынастардағы саясатын көрсететін еңбектерге басты назар аудару қажет.

Әдебиеттер: Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств XVIII- первой половины XIX в. - Алматы, 1999. ; Чулошников А.П. Очерки по истории казах- киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. - Оренбург, 1924.; Левшин А.И. Описание киргиз- казацких, или киргиз - казачьих, орд и степей. - Спб., 1996.

Тақырып: ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының тарихи білімге қосқан үлестері

Мақсаты: ұлт зиялыларының қазақ тарихына байланысты еңбектерін талдау және оларға баға беру

Өткізу формасы: ауызша сұрақтарға жауап беру

Тапсырма: Ж.Ақпаев, М.Тынышпаев, Ш.Құдайбердіұлының тарихи зерттеулерін талдауда ұлт зиялылары еңбектерінің отандық тарихнамаға қосқан үлестерін көрсету, олардың шығармаларына сипаттама беру.

Әдістемелік ұсынымдар: ұлт зиялылары еңбектерін талдауды тарихнамалық кесте сызу арқылы жүргізген ұтымды. Кестеде авторлар, олардың еңбектерінің атаулары, жарық көрген уақыты, қысқаша мазмұны көрсетілуі тиіс. Осындай мәліметтер берілген кезде сол еңбектерді өзара салыстырудың мүмкіндігі туады.

Әдебиеттер: Бөкейханов Ә.Таңдамалы шығармалары. -А.,1995.; Байтұрсынов А. Ақ жол. -А., 1991.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз қазақ һәм хандар шежіресі. -А.,1991.; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. -Ташкент, 1925.; Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана. 1861-1917. -А-Ата., 1984.; Бартольд В.В. Соч. В 9 томах. -М 1991-1993.; Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. Соч. Т.2. -М.,1963.

Тақырып: Кеңес өкіметінің және оның орнауы туралы жаңа көзқарастар

Мақсаты: Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауына қатысты жаңа көзқарастарды көрсету

Өткізу формасы: жазбаша (тарихнамалық кесте сызып оны талдау)

Тапсырма: Кеңес өкіметінің орнауына байланысты тарихнамалық деректерді салыстыра талдау бойынша конспект дайындау.

Әдістемелік ұсынымдар: Қазан төңкерісіне және кеңес өкіметінің орнауына байланысты жаңа көзқарастарды кеңестік тарихнамадағы орныққан тұжырымдармен салыстыра талдаса, тың пікірлердің жаңалығы анық көрінеді.Осы орайда кеңестік тарихнамадағы таптық тұрғыда түйінделген тұжырымдарды, соны көзқарастарды білдіретін еңбектерді өзара салыстыратын компоративті кесте сызудың маңызы зор.

Әдебиеттер: Асфендиаров С. История Казахстана. А., 1991.; Байтурсунов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. 1919. 3 августа.; Чокаев М. Туркестан под властью советов.-А., 1991.; Сафаров Г.И. Колониальная революция. Опыт Туркестана. М.,1921.; Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. Ч.1. 1917-1919. -Ташкент., 1925.; Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. М-А-Ата., 1931.; История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Под. ред. А. Панкратовой. М. Абдыхалыкова. -А-Ата., 1943.

Тақырып: Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде Отан тарихы мәселелерінің зерттелуі

Мақсаты: тәуелсіз Қазақстан тұсындағы тарихнамалық дамудың үрдістерін көрсету.

Өткізу формасы: жазбаша

Тапсырма: отандық тарихнама ғылымының жаңа даму сатысының ерекшеліктерін көрсететін тарихнамалық деректерді жинақтау.

Әдістемелік ұсынымдар: қазақстандық тәуелсіз тарихнама ғылымының дамуындағы ерекшеліктерді, олқылықтарды, кемшіліктерді көрсететін, ғылымның теориялық методологиялық тұстарын жетілдіруге назар аударатын тарихнамалық деректерді жинақтауға көңіл бөлген абзал. Сол деректердегі айтылған ойлар бойынша конспект құрастырса, болашақта ғылымдағы өзекті мәселелерді анық көруге болады. Тәуелсіздік жылдары Отан тарихының ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі кезеңдерінің тарихын зерттеудің жай-күйіне шолу жасау Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасуын көрсетіп береді. Дайындалған конспектінің негізінде қазақ тарихының дәуірлері мен кезеңдері мәселелерінің зерттелуін көрсететін кесте сызу тәуелсіз Қазақстан тұсындағы тарихнамалық дамудың үрдістеріне көрнекі түрде көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер: Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. - А., 1998.; Мұхатова О. XIX - XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. -А., 2002.; Козыбаев И. Историография Казахстана уроки истории. - А-Ата., 1990.; Несипбаева К. Р. Англо-американская историография экспансии Российской империи в Средней Азии и Казахстане. - А., 1998.; Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. -А., 1993; Нартбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасуы. 1991-2003 жж. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2004.

Қосымша сөз тапсырмалары:

1.Тақырып: Тарихнама ғылымының теориялық және методологиялық негіздері.

Тапсырма: тарихнамалық әдістер, олардың мәні мен функцияларын ашып көрсету.

Мақсаты: тарихнамалық талдау жүргізуді үйрену

Өткізу формасы: жазбаша

Әдістемелік ұсынымдар: тарихнама ғылымының теориялық мәселелері көрсетілген еңбектерді оқып, тарихнамалық әдістердің тізімдемесін жазып, әрқайсысының атқаратын функциясын түсіну қажет. Әдістерге мысал келтіре отырып жауап дайындау, студенттің оларды меңгергендігін дәйектейді.

Әдебиеттер: Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы, 2008; Омарбеков Т.Омарбеков Ш.Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. -А., 2002; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымы: теориялық методологиялық негіздері және зерттеу

үлгілері. - А: Қазақ университеті, 2009.

2.Тақырып: Қазақ халқының қалыптасуы туралы ғылыми теориялар

Тапсырма: Қазақ халқының қалыптасуы тарихына қатысты әртүрлі теориялардың мазмұнын көрсетіп, оларға сыни баға беру.

Мақсаты:

Өткізу формасы: жазбаша

Әдістемелік ұсынымдар: отандық тарих ғылымындағы қазақ халқының құрылуына қатысты екі терияны, яғни автохтондық және миграциялық теориялардың мәнін ашып, жақтаушыларын, олардың еңбектерін көрсететін тарихнамалық кесте дайындау мәселені кешенді түрде қамтуға мүмкіндік береді. Кестеге талдау жасау талабы қойылады, мұның өзі студенттерді ой қорытуға үйретеді.

Әдебиеттер:

3.Тақырып: Ұлт зиялыларының еңбектері және қазақ тарихының мәселелері.

Тапсырма: XX ғасыр басындағы ұлт зиялысы Ә. Бөкейхановтың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау.

Мақсаты: тарихнамалық талдау жүргізуге машықтану

Өткізу формасы: жазбаша

Әдістемелік ұсынымдар: Ә. Бөкейхановтың «Қырғыздар» («Қазақтар») және «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері» атты монографияларының мазмұнымен танысып, автордың қарастырған мәселелерінің тізімдемесін құрастырып, төрт немесе бес тұжырымын анықтау және соларға баға беру қажет.

Әдебиеттер: Бөкейханов Ә.Таңдамалы шығармалары. - А., 1995.

Тақырып: Қазақстан тарихының тарихнамалық ерекшеліктері.

Мақсаты: өзіндік ғылыми зерттеу дайындау

Тапсырма: реферат дайындау. 8-13 апта аралығында. Рефераттардың тақырыптары төменде көрсетілген. Студентке тақырыпты таңдау мүмкіндігі беріледі.

Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар: реферат дайындауда мына төмендегілерге назар аудару қажет: ең алдымен библиография құрастыру керек. Жұмыстың жоспарының дұрыс құрылуына, мазмұнының толық ашылуына, айтылған ойларға сілтеменің берілуіне, жұмыстың техникалық безендірілуіне баса назар аударылады. Көлемі 12-14 беттен аспауы тиіс. Осы талаптар толық орындалған жағдайда рефератқа 8 балл қойылады.

Әдебиеттер: Монғолдың құпия шежіресі. - Баян Өлгий., 1979.; Рашид -ад-Дин. Сборник летописей. -М-Л., 1952. Әбілғазы. Түрік шежіресі. - Алматы., 1998. Бартольд В.В.Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т.1. - М.,1963.; Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. -М., 1993.; Э.Хара – Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. -А-Ата., 1992.; Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі

тайпалары. -Астана., 2001.; Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. -М.,1973.; Греков Б.Д. Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. -М-Л., 1950.

Тақырып: Ресей бодандығындағы қазақ тарихы мәселелерінің зерттелу деңгейі

Мақсаты: Е.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында», М.Әбдіровтің «Қазақстан казачествосының тарихы», Т.Шонанұлының «Ел тағдыры, жер тағдыры» зерттеулеріне баға беру.

Тапсырма: Е.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясының Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы тарихы туралы айтылатын тарауын және М.Әбдіровтің, Т.Шонанұлының еңбектерін тарихнамалық талдау.

Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар: тарихнамалық талдау жүргізуде еңбектің мазмұнына, тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеушінің қарастыру тәсілдеріне, автордың методологиялық ұстанымдарына, басшылыққа алған ғылыми принциптеріне, әдістеріне, түйіндеген тұжырымдарына, олардың ғылымдағы тұжырымдамалармен сәйкестігіне назар аудару қажет. Сонымен қатар зерттеушінің еңбегі дүниеге келген кездегі саяси жүйені де ескерген абзал.

Тарихнамалық талдау толық әрі талапқа сәйкес жасалып, еңбектерге тарихнама ғылымының методологиялық негіздеріне және талаптарына сәйкес баға берілген жағдайда студентке 8 балл көлемінде баға қойылады.

Әдебиеттер: Бекмаханов Е.. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы,1993; История Казахстана сдревнейших времен до наших дней. Под.ред. А.Панкратовой. М.Абдыхалыкова. -А-Ата., 1943.; Вятин М.П. Батыр Сырым. -А-Ата., 1965.;Галузо П.Г. Туркестан – колония. - А-Ата., 1935.; Абдиров М. История казачества Казахстана. Алматы, 1997.; Шонанұлы Т. Ел тағдыры, жер тағдыры.Алматы, 1995.

Бақылау жұмыстары:

Тақырыптары силлабуста көрсетілген, олар нақты мәселелердің зерттелу деңгейін анықтауды талап ететін тапсырмалар болғандықтан тарихнамалық деректермен жұмыс істеу қажет. Библиография құрастырып, ғылыми әдебиеттердің кем дегенде үш, төртеуінің мазмұнымен танысып, тарихнамалық фактілердің негізінде талдау жасауға тырысу керек. Студенттің өзіндік пікірінің де орын алғаны дұрыс. Жұмыстары жазбаша орындалады. Баға тақырыпқа сәйкес тарихнамалық талдаудың талапқа сәйкес жүргізілуіне, студенттің өзіндік ой-пікірінің орын алуына, сыни көзқарас танытуына қарай бір мен бес балл аралығында қойылады. Бақылау жұмысын орындау барысында студенттің оқытушыдан ақыл-кеңес алуына құқығы бар.

Реферат тақырыптары

1. Қола дәуіріндегі Қазақстан тарихнамасы

2. Сақ тайпалары тарихының тарихнамасы
3. Ғұн тайпалары тарихының зерттелуі
4. Түркі тайпалары туралы зерттеулер
5. Түркі мәдениетін зерттеу мәселелері
6. Шыңғыс хан кезеңі тарихының зерттелу деңгейі
7. Алтын Орда тарихнамасы
8. Ақ Орда және Ноғай ордасының тарихы ғылыми әдебиеттерде
9. Қазақ хандығы тарихының тарихнамасы
10. Қазақ халқының қалыптасуы мәселелерін зерттеу
11. Қазақ - жоңғар қатынастары туралы тарихнамалық деректер
12. Қазақ жерлерінің Ресей бодандығын қабылдауының кеңестік тарихнамасы
13. Қазақ даласындағы казак отарлауын зерттеу
14. Абылай хан билігінің ғылыми еңбектерден көрініс табуы
15. Орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуы мәселелері ұлт зиялыларының еңбектерінде
16. Дәстүрлі шаруашылық тарихының кеңестік кезеңде зерттелуі
17. Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы туралы жаңа көзқарастар
18. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру туралы тың тұжырымдар
19. Қазақстандағы индустрияландыру тарихының тәуелсіздік жылдары зерттелуі
20. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы республиканың экономикалық жағдайының зерттелу деңгейі
21. Тың және тыңайған жерлерді игерудің салдарын зерттеу
22. Тоқырау жылдарындағы ауыл шаруашылығы мәселелері ғылыми зерттеулерде
23. 1960-1980 жылдардағы Қазақстан мәдениеті мен ғылымы туралы еңбектер
24. 1930-1950 жылдардағы Қазақстанның демографиялық ахуалының зерттелуі
25. Қазақстандағы ұлт – азаттық қозғалыстар туралы ғылыми тұжырымдар
26. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты зерттеудің бағыттары
27. Алаш қозғалысының тарихнамасы

Бақылау-өлшем құралдары

Аралық бақылау сұрақтары

№1 аралық бақылаудың сұрақ тізімдемесі.

Сұрақтары:

1. Қазақстан тарихнамасы ғылымының методологиясы. Тарихнама пәні, мақсаты мен міндеттері.
2. Сақ, үйсін, ғұн тайпалары туралы зерттеулер.
3. Ежелгі тайпалардың тарихынан мәлімет беретін тарихи деректер. Түркі дәуірінің кезеңдері және тарихи деректері.

4. Түркі, Батыс түрік, оғыз, қимақ, қыпшақ, қарлұқ және т.б. тайпалар туралы зерттеулер

5. Араб және парсы деректерінің атаулары мен авторлары, деректердің негізгі мазмұны.

№1 аралық бақылау жетінші аптада жазбаша түрде қабылданады. 5 балл түрінде бағаланады. Әрбір толық жауап үшін 1 балл қойылады.

№2 аралық бақылаудың сұрақ тізімдемесі.

1. Алтын Орда тарихнамасы;

2. Қазақ халқының қалыптасуы жөнінде орыс шығыстанушыларының еңбектері. Олардың тарихнамадағы алатын орны;

3. Ұлт зиялылары және халық-азаттық қозғалыстар тарихы.

4. Отандық тарихнамадағы кеңестік кезеңдегі ахуал және оның дамуының негізгі бағыттары;

5. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде шаруалар отарлауы мәселелерінің зерттелуі.

№2 аралық бақылау он бесінші аптада жазбаша түрде қабылданады. 5 балл түрінде бағаланады. Әрбір толық жауап үшін 1 балл қойылады.

Емтихан сұрақтары

1. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын отырықшылдандыру және оның зардаптары туралы еңбектерді синтездеу.

2. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы туралы көзқарастарды жүйелеу.

3. Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты еңбегін тарихнамалық талдау.

4. XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи ойдың дамуы үрдістерін талдау.

5. Казак отарлауы тарихын зерттеу.

6. Қазақ хандығының құрылу мерзімін көрсететін ғылыми зерттеулерді талдау.

7. Қазақ хандығының құрылу мерзімін көрсететін ғылыми зерттеулерді талдау.

8. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихнамасы.

9. С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі тарихын зерттеудің үрдістерін айқындау.

10. Алтын Орда тарихына байланысты ғылыми тұжырымдарды жүйелеу.

11. Ұлы Отан соғысынан кейінгі республиканың экономикалық және әлеуметтік жағдайы ғылыми әдебиеттерде.

12. Тас дәуіріндегі Қазақстан тарихының зерттелуі деңгейін көрсету.

13. Б.Сүлейменовтың «Аграрный вопрос Казахстана в последней трети XIX-начале XX веков» атты монографиясына тарихнамалық баға беру.

14. Қола дәуіріндегі Қазақстан тарихын зерттеу мәселелері.

15. Тың және тыңайған жерлерді игеру тарихнамасы.

16. Е. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» іргелі зерттеуіндегі К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы тұжырымдарын көрсету.

17. Түркі дәуіріндегі тайпалар тарихын зерттеу.
18. Е.Бекмаханов және оның еңбектерінің отандық тарихы ғылымындағы орнына баға беру.
19. К.Нұрпейістің «Алаш һәм Алашорда» еңбегін талдау.
20. Ежелгі тайпалар мен тайпа бірлестіктері туралы зерттеулер.
21. Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру тарихнамасын кезеңдерге бөліп, салыстырмалы талдау
22. Т.Омарбековтың «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» монографиясына тарихнамалық шолу.
23. Л.Н.Гумилев және оның еңбектерінің маңызын ашу.
24. 1970-1980 ж. 1- жартысындағы республика ауыл шаруашылығының жағдайы туралы зерттеулер.
25. Ш.Құдайбердиевтің, М.Тынышпаевтың, Ж.Ақпаевтың тарихи еңбектеріне баға беру.
26. 1916 жылғы ұлт- азаттық қозғалыс тарихы және оған жаңа ғылыми көзқарастар.
- 27.1 897-1939 жылдары халық санақтары және Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық мәселелерін зерттеу.
28. П.Г. Галузоның Қазақстандағы казак отарлауы туралы еңбектерінің мазмұнын ашу.
29. Түркі тайпаларының саяси, әлеуметтік- экономикалық жағдайы туралы зерттеулер.
30. 1959-1999 халық санақтарының қорытындылары туралы еңбектер.
31. Ә.Бөкейхановтың жер мәселесіне байланысты мақалаларын синтездеу және тұжырымдарын жүйелеу.
32. Ежелгі бітіктастар тарихының зерттелуі.
33. Тәуелсіз Қазақстан кезіндегі ежелгі Отан тарихының өзекті мәселелерін зерттеу бағыттары.
34. А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев және қазақ тарихы мәселелерінің зерттелуі.
35. Қазақ диаспорасының тарихын зерттеу мәселелері.
36. Н.П.Рычковтың, В.В.Вельяминов-Зерновтың, В.Г.Тизенгаузеннің, А.И.Левшиннің отандық тарихнамадағы орнына баға беру.
37. Алтын Орда тарихы ғылыми әдебиеттерде.
38. Алаш қозғалысы мәселелерін зерттеу.
39. Ә.Б.Тұрсынбаев, Б.А.Төлепбаев, Ж.Жұмабаевтың Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру туралы зерттеулерінің мазмұнын талдау.
40. Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы туралы тарихи зерттеулер.
41. Түрік дәірінің тарихнамасындағы араб, парсы, түркі, монғол деректерін топтап көрсету.
42. Г.Ф.Дахшлейгер, Д.И.Дулатова еңбектерінің ғылыми маңызын айқындау.
43. Кеңес өкіметінің алғашқы әлеуметтік-экономикалық шараларын зерттеу. “Әскери коммунизм” және ЖЭС туралы зерттеулер.
44. Қазақ хандығының тарихнамасынсалыстырмалы түрде талдау.

45. Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі тарихнамалық дамудың үрдістерін көрсету.
46. Шыңғыс хан және оның жаулап алу жорықтарының тарихнамасының алғашқы кезеңін талдау.
47. Қазақ халқының қалыптасуы мәселелерін зерттеу.
48. Марко Поло, Платано Карпини, Гильмо де Рубрук шығармаларына салыстырмалы сипаттама беру.
49. Ш. Уәлиханов және оның еңбектері.
50. Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлудің тарихнамасы.
51. IX-XII ғасырлардағы Қазақстан тарихы боойынша араб және парсы зерттеулерінің ортақ тұжырымдарын көрсету.
52. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» немесе қазақ-жоңғар қатынастарының зерттелуі деңгейіне баға беру.
53. Қазақстандағы индустрияландыру тарихнамасы.
54. Г.А. Федоров-Давыдовтың «Общественный строй Золотой орды», Б.Д. Греков пен А.Ю.Якубовскийдің «Золотая Орда и ее падение» зерттеулеріне тарихнамалық талдау.
55. XII-XVII ғасырдағы қала және отырықшы елді мекен тарихын зерттеу.
56. Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасындағы теориялар мен тұжырымдамалардың мәнін ашу.
57. В.В.Бартольд, В.В.Радлов, А.Н.Харузин еңбектеріне тарихнамалық шолу жасау.
58. XVIII ғ. 1-жартысындағы қазақ елінің көрші мемлекеттермен қарым-қатыныс мәселелерінің зерттелмеген тұстарын ашу.
59. Қазан төңкерісіне және кеңес өкіметінің орнауына байланысты ғылымдағы жаңа көзқарастарға баға беру.
60. Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы туралы іргелі зерттеулерді талдау.
61. Тарихнама ғылымының теориялық-методологиялық негіздері.
62. Герадоттың, Страбонның, Фукидидтің еңбектері және олардың маңызы.
63. Ж.Қасымбаевтың, М.Х.Абусейтованың, З.Қинаятұлының, Н. Мыңжан еңбектерінің ғылымға қосылған үлесін анықтау.
64. II Академиялық экспедицияның ғылыми-зерттеу еңбектері және олардың ерекшеліктерін жүйелеу.
65. Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру тарихнамасын мерзімдік-салыстырмалы әдіс арқылы талдау.
66. Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы» атты еңбегіне тарихнамалық талдау жасау.
67. Қазақ халқының қалыптасуына байланысты теорияларды талдап, мәнін анықтау.
68. Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу тарихнамасы.
69. М. Қашқари, Ж. Баласағұн, әл-Фараби, М.Х. Дулати, Қ. Жалайыр еңбектерінің отандық тарихнама ғылымы үшін маңызын анықтау.
70. Тарихи фактілерді талдаудың ерекше белгілері (тарихи шынайылықты түсіндіру).
71. Пікір-таластық мәселелерді және олардың пайда болу себептерін талдау.

72. Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнаманың кезеңдерін анықтап, оларға баға беру

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан дүниежүзілік интеграциялардан тыс қалмау үшін білім саласына назар аударып, бірқатар реформалар жүргізді. Сол реформалардың аясында білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері туралы жиі айтылды. Осыған орай оқытудың кредитті жүйесі негізінде жоғары оқу орындарында дәрістерді, семинар, өздік жұмыстарды ұйымдастырып, уақытты ұтымды пайдаланып, студенттер үшін артымды өткізу өзекті бола түсуде. Оқытудың соны әдіс-тәсілдерін тарих пәндерінен базалық және элективті курстарды жаңа талаптар ауқымында оқып-үйренуде пайдалану әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде баса назар аударылып, тиімді жолға қойылған. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін дайындауда осы мәселеге жіті көңіл қойылады. Сол себепті де семинар сабақтарының, студенттердің өздік жұмыстарының әдістемелік ұсынымдарын дайындау оқу-әдістемелік кешендеріне қойылатын басты талаптар болып табылады. Кешендерде дәріс, семинар сабақтарының, өздік жұмыстардың мақсаты, қысқаша мазмұны, өткізілу түрі, глоссарий, қарастырылуға тиіс сұрақтар мен орындалуды талап ететін тапсырмалар, оларды талдаудың әдістері, жолдары, ұтымды тәсілдері, қажетті әдебиеттер көрсетілген. Оқу-әдістемелік кешендердің дайындалуына қарап-ақ дәрістер мен семинар сабақтарының қандай жаңа технологиялар негізінде жүргізілетінін анықтауға болады. Осындай кешендерде басқаларды айтпағанның өзінде консервативті ғылым саласы ретінде саналатын тарихнаманы оқытуда соны технологияларды, тың тәсілдерді қолдануға зор мән берілген.

Оқытудағы интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдалану бакалавриатта сапалы білім алуға септеседі. Осыған орай «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәнінен оқылатын дәрістер мен өткізілетін семинар сабақтарында интерактивті инновациялық ахуалдық, презентациялық, пресс-конференция, жеке топтық, т.б. әдістер пайдаланылады. Осылардың ішінде ахуалдық әдіс Қазақстан тарихнамасы, Шетелдер тарихының тарихнамасы пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді, өйткені тарихнама ғылымының өзіндік ерекшеліктері тарихнамалық деректерді талдау және оларға баға беруде белгілі бір проблеманы шешудің ахуалы пайда болады. Оны оқытушы студенттердің көмегімен орын алған проблемалық ахуалды тиімді шешуі тиіс. Сондай-ақ ахуалдық әдіс тарихнамалық фактілерді салыстыруда, олардың ұтымды тұстары мен кемшіліктерін көрсетуде де тиімді әдіс болып саналады. Мысалы, «XIII-XVII ғасырлардағы тарихнамалық ерекшеліктері» атты дәріске қатысты ахуалдық әдісті Шыңғыс ханның әлем елдеріне жорықтары мен тарихи тұлғасын қарастырған тарихнамалық деректерді өзара салыстыру барысында монғол билеушісіне берілген бағаны саралауда пайдалану тақырыпты терең меңгеруге көмегін тигізеді. Осыған орай Шыңғыс ханның жаулап жорықтарының картасы, оның портреті, тарихшы

зерттеушілердің жекелеген тұжырымдары көрнекті құрал ретінде пайдаланылады. Шыңғыс ханға тарихи тұлға ретінде берілген бағалар негізінде тарихшы зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып кесте құрастырылады. Бұл бір жағынан дәстүрлі конспект дайындаудан гөрі студент үшін дәйекті әрі, екінші жағынан оқытудың жаңа әдістерін ұстану болып саналады. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, оқытушы да, студент те тарихнама ғылымының өзіндік категорияларын терең меңгергені абзал. Өйткені тарихнамалық дерек, тарихнамалық факт ұғымдарын түсінбей жаңа технология бойынша жұмыс істеу былай тұрсын, тақырыпқа қатысты мәселелерді ашу қиынға соғады.

Презентациялық әдіс тарихнамадағы соны, эталондық тұжырымдарды талдауда ұтымды. Сонымен қатар ғылымның категорияларын сипаттауда да тиімді болып табылады. Мысалы, «Қазақстандағы ХХ ғасырдың бас кезіндегі тарихи ойдың дамуы» және «Тарихнама ғылымының зерттеу әдістері» тақырыптарын оқып-үйренуде тың пікірлерді компоративті талдауда жекелеген ұғымдар бойынша сызбалар, кестелер, диаграммалар жасау арқылы дәріс материалдарын түсіндіру, студенттердің жауаптарын бағалап отыру олардың сабақ барысындағы белсенділіктерін арттырады. Сондай-ақ дәріс материалдарын жылдам меңгеруге септеседі. Тарихнама пәні бойынша кестелер сызу дәстүрлі библиография құрастырудан гөрі тиімді, өйткені белгілі бір тақырыпқа қатысты бірнеше тарихнамалық деректерді тізіп көрсетіп, олардың мазмұнына қысқаша сипаттама беруге қол жеткізіледі.

Жеке топтарға бөліп, семинар сұрақтарын қарастыру студенттердің ойлау қабілетін арттыруға, өзбеттерінше берілген тапсырманы орындауға мұрындық болады. Мұндай әдіс оларды топта жұмыс істеуге, өздік жұмыстар тапсырмаларын бірлесе отырып шешуге мүмкіндік береді. Топтық әдісті элективті курстарда пайдаланудың тиімділігі семинар сабақтарын студенттердің саны көп аудиторияда дәлелденді. Мәселен, Ресей империясының отарлау саясатының тарихнамасын бірнеше проблемаларға бөліп, жекелген мәселелердің мән-мазмұнын ашу өте қолайлы. Бұл бір жағынан студенттерді ұжымда еңбек етуге үйретсе, екінші жағынан олардың сабақ үстіндегі белсенділіктерін арттыруға септеседі, үшіншіден, бәсекелестік жағдайында озып шығуға дағдыландырады.

Пресс-конференция тәсілі тарихнамалық мектептердің ғылымдағы орны мен рөлін анықтауда тиімді әрі рефераттарды біржақты тыңдап, талдаудан гөрі студенттердің белсенділіктерін арттырып, барлығын камтуда ұтымды әдіс болып отыр. Айта кетерлік жайт, иновациялық әдіс-тәсілдер студенттердің барлығын дерлік сабаққа жұмылдырып, белсенді қатысуын, берілген тапсырмаларды толық орындап келуін талап етеді. Мұның өзі студентке апта сайын қомақты көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қазақстан тарихнамасы пәнін заман талаптарына сәйкес жеке дара емес өзге де пәндердің көмегімен, пәнаралық байланыста оқытуға да толық мүмкіндіктер бар. Себебі пәнаралық тұрғыда жинақталған тарихнамалық фактілердің құрылымы және мазмұны, оларды талдау мен баға берудің критерийлері туралы мәліметтер фактілерге терең еніп қана

қоймай, қосымша тәсілдер, соның ішінде жүйелеп талдау әдісі бойынша білімнің жинақталу тенденцияларын, олардың одан ары дамуын және жаңа ғылыми зерттеулерді болжауды айқындауға жағдай жасайды. Мұндай жетістікке қол жеткізу пәнаралықтың эмпирикалық тәсілдерін теориялық қағидалармен біріктіре алатын қабілетінің негізінде мүмкін болады. Тарихнамадағы пәнаралықты оқытудың жаңа технологияларының бірі ретінде де дәрістер мен семинар сабақтарында үнемі қолданған тиімді.

Пәнаралықтан өзге оқытудың интерактивті тәсілдерін пайдалану қалыптасқан әдістермен қатар оқытушының әралуан түрлерді ұсынуына мүмкіндік мол. Әдіс-тәсілдер қатары оқытушының терең білім мен біліктілігіне байланысты көбейеді.

Қорыта келе, Қазақстан тарихының тарихнамасы базалық курсы және солардың траекториялары бойынша таңдап алынған элективті курстарды оқытуда кредиттік жүйенің ауқымында жаңа технологияларды пайдалану, сонымен қатар түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды жаһанданудың кері әсері емес, Болон үдерісінің талаптарына сәйкес жаңашыл құбылыстар болып саналады.

Қосымша

Тарихнамалық кестелер

1- кесте

№	Зерттеуші - тарихшы	Еңбегінің атауы	Негізгі мазмұны
1.	Ә. Бөкейханов	Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері; Қырғыздар (Қазақтар)	Ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ тарихы, қола, темір дәуірлеріндегі Қазақстан аумағындағы ескерткіштер, алғашқы тайпалар, түркі дәуіріндегі ұлыстар, Қазақ хандығы, Ресей бодандығындағы кезең, орыс шаруларының қоныс аударуы, т.б. мәселелер қарастырылған.
2.	А. Байтұрсынов	Ақ жол; Революция және қырғыздар	Қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылуының себептері, Қазан төңкерісінің мәні ашылады.
3.	Ш. Құдайбердіұлы	Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі	Түркі, қазақ ру-тайпаларының, хандарының шежірелері көрсетіледі.
4.	М. Тынышпаев	Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар; Ұлы қасірет	Түркі дәуірі, Шыңғыс хан кезеңі, Қазақ хандығы кезеңдеріндегі Қазақстан тарихының өзекті мәселелері, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарындағы қазақ халқының қасіретті жағдайы, жоңғар жаулап алушыларына қарсы азаттық күресі баяндалады.
5.	Ж. Ақпаев	Қазақ халқының шығу тегі туралы	Түркі тайпаларының бастапқы отаны, қазақ ру-

			тайпаларының құрылымы, халықтың қалыптасу мәселелері, «қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны туралы айтылған.
--	--	--	---

2-кесте

Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру тарихының кезеңдері

р/с	Автор	Еңбектің атауы	Кезеңдері
1.	Т..Шонанұлы	Жер тағдыры - ел тағдыры	1.орысқа бағынғаннан бастап ХІХ-ғасырдың 80-жылдарына дейін.Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі; 2.80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі.
2.	Ә.Б.Тұрсынбаев	Из истории крестьянского переселения в Казахстане.	1.Сібір темір жолын салуға дейінгі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы. 2.Сібір темір жолы комитетін құрғаннан кейінгі қоныстандыру қозғалысы; 3.Столыпиндік реакция кезеңіндегі қоныстандыру қозғалысы.
3.	П.Г.Галузо	Аграрные отношения на юге Казахстана 1871-1914 гг.	П.Г.Галузо қоныстандыру саясатындағы кезеңдерді емес екі сатыны көрсетеді. Олар: 1-саты ХІХ ғасыр, шаруалар қоныстандырылуының стратегиялық және әскери саяси мақсаттарда жүргізілуі; 2-саты ХІХ ғасыр-Ресейдегі шаруалар бас көтерулерінің өсуіне байланысты қоныстандырылудың қарқынды жүргізілуі.
4.	Р.М.Таштемханова	Переселенческая деревня и ее взаимосвязи с	1.1871-1895 жж. Бұл патша үкіметінің қоныстандыруға қайсыбір деңгейдегі негативтік қатынастар уақыты;

		казахским аулом во второй половине XIX - начале XX веков.(на материалах Семипалатинской области)	2.1895-1905 жж. Шаруалар қозғалысының өсуіне және еркін шаруалар қоныстануына байланысты, сондай-ақ патша үкіметінің қоныстануға тиым салу саясатынан оны марапаттау мен ресми қолдау саясатына өтуге мәжбүр болуы; 3. 1906-1917 жж. - патша үкіметінің 1905-1907-жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңілуінен кейін шиеленіскен аграрлық қайшылықтарды қалайда шешуге тырысуымен және шаруаларды еуропалық Ресейден шет аймақтарға жаппай жер аудару, столыпиндік жер реформасын іс жүзіне асырумен сипатталады.
5.	Ғ.А.Меңілбаев	Қоныс аударушылар мекендері мен қазақ ауылдары арасындағы қарым-қатынастардың өзекті мәселелері (1867-1914 ж.ж.)	1.1867-1897 ж.ж. 2. 1897-1905 ж.ж. 3.1906-1911 ж.ж. 4.1910 ж. желтоқсан - 1917 ж.
6.	О.Х.Мұхатова	XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы	1.1861-1890 ж.ж. - Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастауы; 2.1891-1905 ж.ж. - қоныстандырудың «заңды» түрде жүруі; 3.1906-1917 ж.ж.- қоныстандырудың бұрын соңды болмаған деңгейде күшеюі.

Тест сұрақтары

1. Тарихнама - бұл

- А) тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттейтін ғылым саласы;
- В) тарихи деректерді оқып-үйренетін ғылым саласы;
- С) тарих ғылымының тарихын зерттейтін ғылым саласы;
- Д) тарихи тұжырымдамаларды талдайтын ғылым саласы;
- Е) тарихтың методологиясын талдайтын ғылым саласы.

2. Тарихнама ғылымының мақсаты -

- А) тарихнамалық фактілерді жинап, оларға талдау жасау;
- В) тарихнамалық деректерді жинақтап, жүйелеу;
- С) белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану;
- Д) тарихнамалық деректерді саяси-әлеуметтік жүйелер мен идеологияларға тәуелділігін анықтау;
- Е) тарихнамалық фактілердің тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеуінің деңгейін сараптау, ұтымды тұстары мен олқылықтарын айқындау.

3. Тарихнама ғылымының жалпыметодологиялық зерттеу принциптері

- А) тарихилық, объективтілік, әлеуметтік;
- В) жүйелілік, партиялық, тарихнамалық;
- С) біртұтастық, танымдық, өркениеттілік;
- Д) таптық, партиялық, саяси;
- Е) тарихилық, өркениеттілік, жүйелілік.

4. Кеңестік кезеңдегі қазақстандық тарихнамашы ғалымдар:

- А) Г.Ф. Дахшлейгер, Д.И. Дулатова;
- В) К. Нұрпейіс, Б.А. Төлепбаев;
- С) Ә.Б. Тұрсынбаев, Е. Бекмаханов;
- Д) Х. Маданов, Б. Сүлейменов;
- Е) Б.Е. Көмеков, Ә.Х. Марғұлан.

5. Тарихнамалық факт – бұл

- А) тарихи оқиғалар мен үдерістерден ақпарат беретін мәлімет;
- В) тарихи білімдер туралы ақпарат беретін мәлімет;
- С) тарихи дәуірлерден хабар беретін мәлімет;
- Д) статистикалық мәліметтердің жиынтығы;
- Е) археологиялық жәдігерлер туралы мәлімет.

6. Тарихнамалық фактінің болмысын анағұрлым дәл көрсетіп берген ғалым -

- А) Е.М. Жуков;
- В) А.С. Лаппо-Данилевский;
- С) А.Е. Топольский;
- Д) А.М. Сахаров;
- Е) М.В. Нечкина.

7. «... тарихнамалық дерек ұғымына бойында тарих ғылымының тарихы бойынша мәлімет жинақтаған кез келген тарихи деректі жатқызуға болады» деген пікірдің авторы -

- А) И.Д. Ковальченко;
- В) М.А. Варшавчик;
- С) С.О. Шмидт;

- Д) Е.Н. Городецкий;
- Е) Л.Н. Пушкарев.

8. Тарихнамалық деректану - бұл

- А) тарихи деректерді сыннан өткізу туралы ережелер жүйесі;
- В) деректерді ғылыми талдаудан өткізу туралы тұжырымдама;
- С) тарихнамада қолданылатын деректерді іздеп табудың заңдылықтары, оларды өңдеу және пайдалану туралы білім жүйесі;
- Д) тарихи деректерді ғылыми айналымға түсіру туралы білім;
- Е) тарихнамалық деректерді талдау жүйесі.

9. Тарихнамалық деректер -

- А) тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай-күйінен ақпарат беретін тарихи деректер;
- В) тарихи оқиғалар мен үдерістерден мәлімет беретін деректер;
- С) тарихи деректердің типі;
- Д) тарихнама пәнінен мәлімет беретін деректер;
- Е) тарихнамалық заңдылықтар туралы мәлімет беретін деректер.

10. Тарихнамалық деректерді зерттеуге сүбелі үлес қосқан ғалым -

- А) С.О. Шмидт;
- В) М.В. Нечкина;
- С) Н.Н. Маслов;
- Д) М.А. Варшавчик;
- Е) В.П. Наумов.

11. Басты тарихнамалық деректер -

- А) тарихшының еңбектері;
- В) мұрағат құжаттары;
- С) ауызша тарих айту деректері;
- Д) мерзімді басылым және статистикалық материалдар;
- Е) археологиялық жәдігерлер.

12. Тарихнаманың функциялары:

- А) методологиялық, әдістемелік, талдау;
- В) жүйелеу, бағалау, болжау;
- С) синтездеу, танымдық, методологиялық;
- Д) танымдық, теориялық-методологиялық, болжамдық;
- Е) әдістемелік, болжамдық, сараптамалық.

13. Тарихнамалық зерттеудің мақсаты -

- А) жаңа теориялық ұстанымдарды орнықтыру;
- В) тарих ғылымының даму заңдылықтары мен үрдістерін айқындау;
- С) тарихи ғылыми тұжырымдар қалыптастыру;
- Д) ғылымның методологиясын жетілдіру;

Е) тарихи ой мен тарихи білімді дамыту.

14. Тарихнамалық зерттеудің түрлері:

- А) мерзімдемелік, тақырыптық, проблемалық, биографиялық;
- В) дербес, біртұтас, аяқталған;
- С) диссертация, монография, ғылыми мақала;
- Д) ғылыми есеп, библиография, монография;
- Е) тарихшының еңбектері.

15. Отандық тарихнама ғылымында тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихы мәселелерін шетелдік тарихнама бойынша зерттеген ғалымдар:

- А) Л.К. Есмағамбетов, Қ. Атабаев;
- В) Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев;
- С) Қ.Р. Несіпбаева, Р.М. Таштемханова, Х.А. Сутеева;
- Д) О.Х. Мұхатова, Т.Ә. Төлебаев, Г.М. Кәкенова;
- Е) М.Х. Әбусейітова, С.Ф. Мажитов.

16. Кеңестік тарихнамада әлеуметтік принцип неге негізделді?

- А) тап күресіне;
- В) кеңестік идеологияға;
- С) тоталитарлық жүйеге;
- Д) партиялық номенклатураға;
- Е) пролетарлық интернационализмге.

17. Қазақстанда тарихнама ғылымы қашан қалыптасты?

- А) кеңестік кезеңде;
- В) тәуелсіздік жылдары;
- С) орта ғасырларда;
- Д) ежелгі дәуірде;
- Е) жаңа заманда.

18. «Тарих - адам қызметінің жемісі» методологиялық ұстанымының авторы

- А) М. Қозыбаев;
- В) Т. Омарбеков;
- С) М. Қойгелдиев;
- Д) К. Нұрпейіс;
- Е) Ж. Қасымбаев.

19. Тарихнаманың пәні -

- А) тарихнамалық деректерді тану;
- В) тарихи деректерді тану;
- С) тарихи үрдістердің алмасуын тану;
- Д) тарихи білімнің пайда болуы мен дамуының заңдылықтарын тану;
- Е) тарихи оқиғалар мен үдерістердің дамуын тану.

20. Ғұн тайпаларының тарихын жүйелі зерттеген ғалым -

- А) Н. Аристов;
- В) Л.Н. Гумилев;
- С) Е.Грум-Гржимайло;
- Д) А.И.Левшин;
- Е) Н.И.Гродеков.

21. Белгілі бір елдің саяси және мәдени өмірін қамтыған анағұрлым жетілдірілген тарихи шығарма дайындаған тарихшы -

- А) Геродот;
- В) Полибий;
- С) Тацит;
- Д) Сыма Цян ;
- Е) Плутарх.

22. Орта ғасырлардағы түркі және монғол тайпалары мен ұлыстарының тарихынан хабар беретін бірқатар деректік тұрғыдағы еңбек -

- А) Фазлуллах Хамадани Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих» еңбегі;
- В) Гумилевтің Л.Н. «Хунну» іргелі зерттеуі;
- С) Мұхаммед Хайдардың “Тарих и Рашиди” шығармасы;
- Д) Әбілғазының “Түріктер шежіресі” ;
- Е) Қадырғали Қосымұлы ның «Тарихи Ораз мұхаммеді».

23. Орта ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның тарихын зерттеуде ғылыми айналымға нумизматика, эпиграфика, этнография, археология жәдігерлерін ендірген белгілі орыс ғалымы -

- А) А.Н.Бернштам;
- В) А.Ю.Якубовский;
- С) С.П.Толстов;
- Д) С.Г.Кляшторный;
- Е) В.В.Бартольд.

24. Монғол жаулап алуына байланысты жаңа көзқарастардың қалыптасуына ықпал еткен тарихшы

- А) Ә.Хасенов;
- В) Н.Мыңжан;
- С) З.Қинаятұлы;
- Д) С.Жолдасбайұлы;
- Е) Т.И.Сұлтанов.

25. Қазақстанның Ресей құрамына кіру проблемасын “жаулап алу”, “бағындыру” терминдері арқылы империяның боданына, отар еліне айналу тұрғысындағы тың тұжырымдама қалыптастырған тарихшы-ғалым -

- А) М.Ж. Әбдіров;
- В) П.Г.Галузо;
- С) М.Қ. Қозыбаев;
- Д) И.Ф.Ерофеева;
- Е) Ж.Қасымбаев.

26. Қазақтардың отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күресі тарихын түбегейлі зерттеуге үлес қосқан ғалымдар:

- А) Ғ.Тоғжанов, Ә.Б.Тұрсынбаев, М.Х.Асылбеков;
- В) Б.Сүлейменов, П.Г.Галузо;
- С) Ж.Қасымбаев, Ж.О.Артықбаев, С.Игібаев;
- Д) А.Ф.Рязанов, М.П.Вяткин, Е.Бекмаханов;
- Е) Г.Ф.Дахшлейгер, Д.И.Дулатова.

27. Алаш қозғалысы тарихының тарихнамасын алғашқылардың бірі болып талдаған ғалым-тарихшы -

- А) М. Қозыбаев;
- В) К. Нұрпейіс;
- С) Д. Аманжолова;
- Д) М. Қойгелдиев;
- Е) Е. Бекмаханов.

28. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының тарихнамасын арнайы зерттеп, елеулі еңбек жариялаған ғалым -

- А) Д.И. Дулатова;
- В) П.Г. Галузо;
- С) Г.Ф.Дахшлейгер;
- Д) Е.Б. Бекмаханов;
- Е) А. Нүсіпбеков.

29. Қазақстанда кеңес өкіметінің мәні мен орнауы туралы ұлттық тұрғыдағы пікір танытқан ұлт зиялысы -

- А) М. Шоқай;
- В) С. Сейфуллин;
- С) М.Дулатов;
- Д) С. Асфендияров;
- Е) Ғ.Т оғжанов.

30. Көне түркі жазбаларына үлкен мән беріп, олардың мазмұнын ашуға ат салысқан қазақ ғалымы және оның еңбегінің атауы

- А) Ш. Уәлиханов «Жетісу тарихының очерктері»;
- В) С. Асфендияров «Қазақстан тарихы»;
- С) М.Тынышпаев «Қырғыз қайсақ халқының тарихы жөніндегі материалдар»;
- Д) Ә. Марғұлан «Таңбалы тас жазбалары»;
- Е) Ә.Бөкейханов «Қырғыздар» («Қазақтар»).

31. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауына байланысты қандай басты тұжырымдамаларды атауға болады?

- А) шовинистік, таптық, ұлттық;
- В) демократиялық, маркстік-лениндік;
- С) ұлттық, кеңестік, шетелдік;
- Д) таптық, өркениеттік, циклдық;
- Е) шовинистік, еуроцентристік.

32. Қазақ тарихын ұлттық тұрғыда оқып-үйрену мен зерттеуге қатысты қабылданған мемлекеттік тұжырымдаманы атаңыз

- А) Қазақстанда тарихи сана қалыптастыру;
- В) Қазақстан тарихын оқыту туралы;
- С) Қазақстан тарихын қайта қарау және зерттеу;
- Д) Ұлттық мүддені жаңғырту;
- Е) Тарихи білім мен ойды дамыту.

33. «Ел тағдыры- жер тағдыры» атты еңбектің авторы -

- А) Ә. Бөкейханов;
- В) А. Байтұрсынов;
- С) Т. Шонанұлы;
- Д) Б.Сүлейменов;
- Е) М. Шоқай.

34. Қазақ Хандығының құрылуына байланысты отандық тарих ғылымындағы пікірлер

- А) ортақ;
- В) әртүрлі;
- С) қалыптаспаған;
- Д) ғылыми емес;
- Е) аталғандардың бәрі.

35. Отандық тарих ғылымында тарихы барынша терең зерттелген кезең -

- А) ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың бас кезі;
- В) ХУ-ХУІІІ ғасырлар;
- С) ежелгі дәуір;
- Д) түркі кезеңі;
- Е) кеңестік кезең.